Главная газета самого крупного мегаполиса Казахстана – это всегда уникальная, достоверная и актуальная информация о нашем городе и Алматинской агломерации.

Подписавшись на нас, вы узнаете все об Алматы и окрестностях, получите пошаговые инструкции по решению бытовых проблем и деловых вопросов, будете в курсе актуальных трендов моды, искусства, кино и шоу-бизнеса южной столицы Казахстана.

Стоимость подписки на 2025 год по индексам:

65 500

(для индивидуальных подписчиков):

на 1 месяц – 613,40 тенге
на 3 месяца – 1840,20 тенге
на 5 месяцев – 3067,00 тенге

65 509

(для предприятий и организаций):

на 1 месяц – 1315,62 (город), 803,40 (село) тенге
на 3 месяца – 3946,86 (город), 2410,20 (село) тенге
на 5 месяцев – 6578,10 (город), 4017,00 (село) тенге

55 500

(льготная – для участников ВОВ, пенсионеров, инвалидов и многодетных семей):

на 1 месяц – 393,40 тенге
на 3 месяца – 1180,20 тенге
на 5 месяцев – 1967,00 тенге

Оформить подписку можно в любом отделении Алматинского почтамта АО «Казпочта», ТОО «Агентство «Евразия Пресс».

Телефоны для справок: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25

Уважаемые читатели!

Рады сообщить, что оформить подписку на печатную версию «Вечерний Алматы» теперь можно **онлайн**, воспользовавшись сайтом или мобильным приложением **Post.kz**. В строке быстрого поиска можно найти газету «Вечерний Алматы» и оформить на нее подписку. Для оформления Вам необходимо указать количество комплектов, срок подписки и произвести оплату банковской картой любого банка.

Подписные индексы и стоимость подписки идентичны с подпиской на печатную версию «Вечерний Алматы».

Доставка газеты будет осуществляться по вашему адресу, указанному при оформлении на **Post.kz**. Сервис доступен 24/7.



Мы знаем всё о жизни
в большом городе.
Присоединяйтесь!



Генеральный директор
КАЛЫМБАЙҰЛЫ Е.
Приемная: тел. 293-08-03

Заместитель генерального директора
ДЖАЛИЛОВ А. Е.
Тел. 293-08-03 (вн. 102)

Заместитель генерального директора по творческим вопросам
САЙДАХМЕДОВА Г. А.
Тел. 293-04-28 (вн. 107)

Главный редактор
ИСЕНОВ Т. С.
Тел. 293-05-89 (вн. 109)

Заместитель главного редактора
САГИМБЕКОВ А. У.
Тел. 293-05-89 (вн. 109)

Ответственный секретарь
ТУЛИНОВА И. И.
Тел. 292-41-39

Редактор отдела новостей и информации
БАХАМОВ Р. Г.
Тел. 293-52-41

Редактор отдела городской жизни
ГЛУШАЕВА Н. В.
Тел. 293-52-41
e-mail: glushaeva@mail.ru

Редактор отдела ЖКХ и городского хозяйства
МЫРЗАГАЛИЕВА А. Б.
Тел. 293-52-42
e-mail: akerke090793@gmail.com

Коммерческий директор
ДЮСКАЛИЕВ К. Д.
Тел. 293-08-12
e-mail: rekatalauaqparat@gmail.com

Отдел рекламы и распространения
Тел. 293-08-25
e-mail: rekatalauaqparat@gmail.com

Совет по творческому развитию:
председатель Совета
СУЛЕЙМЕНОВ Олжас Омарович
члены Совета:
КОЗЫБАЕВ Сагымбай Кабашевич
МАТАЕВ Сейтказы Бейсенгазиевич

Претензии по доставке газеты по телефонам:
Алматинский почтамт АО «Казпочта».
Тел.: +7 (777) 078 53 48,
+7 (747) 204 19 70
Звонки принимаются с 9.00 до 18.00

Периодичность – 2 раза в неделю,
издается по вторникам и пятницам.

Газета набрана и сверстана в компьютерном центре газеты «Вечерний Алматы».
Тираж номера 14 166.
Отпечатано:
АО «Алматы-Болашак»,
050026, г. Алматы,
ул. Муканова, 223в,
тел.: 378-40-08, 378-42-00.

Печать офсетная. Объем 8 п. л.
Заказ № 1459

За качество фотоснимков в газете ответственность несет редакция.

За содержание рекламных материалов ответственность несет рекламодатель.

Редакция не вступает в переписку с читателями и рукописи не возвращает.

ТОО «Alatau Aqparat»
Регистрационное свидетельство
№ KZ35VPY00085632
от 18.01.2024
Выдано Комитетом информации
Министерства культуры и информации
Республики Казахстан.

Адрес: 050022, г. Алматы,
ул. Шевченко, 106а


E-mail: alatauaqparat@gmail.com
Подписаться можно
в любом отделении Алматинского
почтамта АО «Казпочта».
По вопросам подписки
и приобретения звоните
в редакцию по телефонам:
(727) 293-08-12, 293-08-25.

Электронная версия
газеты «Вечерний Алматы»
доступна пассажирам бортов
авиакомпаний Air Astana

Печатная версия газеты
«Вечерний Алматы»
доступна пассажирам поездов
АО «Пассажирские перевозки»

Уважаемые рекламодатели!

Наши читатели – Ваша целевая аудитория!



В газете «Вечерний Алматы» вы можете разместить:

- PR-статьи
- Модульную рекламу
- Отчеты о деятельности организации
- Официальные письма
- Информацию о вакансиях
- Прочие материалы

О преимуществах рекламы в газете вам известно!

О размещении данной информации подробнее вам ответят в рекламном отделе редакции по телефонам:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ТОО «KBS Gaz» на основании приказа министра энергетики Республики Казахстан № 216-н/к «О внесении изменений в приказ Министра энергетики РК от 6 июня 2023 года № 210 «Об утверждении предельных цен оптовой реализации товарного газа на внутреннем рынке РК» на период с 01.07.2025 по 30.06.2028 и приказа РГУ ДКРМ по г. Алматы № 47-ОД от 25.06.2025 сообщает об изменении цены на товарный газ с 1 июля 2025 г.

Отпускная цена составит для потребителей ПКСТ «Птицевод», «Болашак», «Дружба», микрорайон «Карасу»:

- для бытовых потребителей – **49 506,44 тенге за 1000 м³ с НДС**,
- для коммунально-бытовых потребителей и юридических лиц – **51 746,44 тенге за 1000 м³ с НДС**,
- для бюджетных организаций, содержащихся за счет бюджетных средств, – **54 883,86 тенге за 1000 м³ с НДС**.

Борьба с коррупцией в деятельности органов казначейства

Коррупция – это одна из самых острых и актуальных проблем в современном мире. Она является серьезным препятствием на пути к развитию и процветанию общества. В этой связи борьба с коррупцией является основной задачей государственной политики Казахстана.

В настоящее время все государственные органы и должностные лица Республики Казахстан в соответствии с законом Республики Казахстан «О противодействии коррупции» в пределах своей компетенции ведут борьбу с коррупцией.

Департаментом казначейства по городу Алматы на постоянной основе проводятся превентивные мероприятия по профилактике и предупреждению фактов злоупотребления работниками казначейства должностными полномочиями, по повышению их уровня нетерпимости к коррупционным правонарушениям, за которые законом предусмотрена дисциплинарная, административная либо уголовная ответственность.

В целях недопущения совершения работниками казначейства коррупционных правонарушений Комитетом казначейства разработаны антикоррупционные стандарты органов казначейства Министерства финансов Республики Казахстан. Целью разработки антикоррупционных стандартов является установление системы рекомендаций, направленной на предупреждение коррупции в финансовой сфере.

Работнику казначейства при работе с физическими и юридическими лицами запрещается:

- в связи с исполнением должностных полномочий пользоваться в личных целях услугами граждан и юридических лиц;
- быть представителем по делам третьих лиц в государственном органе, в котором он состоит на службе, либо непосредственно ему подчиненном или подконтрольном;
- необоснованно отказывать физическим и юридическим лицам в информации, предоставление которой предусмотрено законодательством Республики Казахстан, либо ее задержка, передача недостоверной или неполной информации;
- воспрепятствовать физическим или юридическим лицам в реализации их прав, свобод и законных интересов;
- принимать за исполнение своих государственных или приравненных к ним функций любое вознаграждение в виде денег, услуг и иных форм от организаций, в которых лицо не выполняет соответствующие функции, а также от физических лиц, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан;
- использовать служебную и иную информацию, не подлежащую официальному распространению в целях получения или извлечения имущественных и неимущественных благ и преимуществ.

Департамент казначейства уделяет особое внимание мерам по предотвращению коррупции в процессе исполнения государственного бюджета. В последние месяцы финансового года ведет мониторинг всех расходов, чтобы исключить возможные нарушения и нецелевое использование бюджетных средств. Это позволяет выявлять коррупционные риски и недочеты, которые учитываются при формировании бюджета на следующие годы.

Одним из моментов, исключающих коррупционные риски и прямой контакт при обращении в государственные органы, является автоматизация бизнес-процессов органов казначейства. В Департаменте казначейства и его территориальных органов постоянно работает «Телефон доверия», в административных зданиях установлены почтовые ящики для писем и обращений граждан. Обращения, поступающих от физических и юридических лиц, рассматриваются в установленные законодательные сроки и подлежат ответу.

Департаментом казначейства на постоянной основе проводится работа по организации бесед, технической учебы со всеми сотрудниками департамента по вопросам противодействия коррупции с участием представителей государственных органов, ведущих борьбу с коррупцией.

В заключение я хотела бы отметить то, что совместными усилиями мы можем и должны принять меры по недопущению коррупционных правонарушений, а также выполнению антикоррупционной программы в государственных органах. Каждый государственный служащий должен действовать только в рамках своих должностных полномочий, знать права и обязанности при исполнении государственных функций, изучать законы, не допускать бездействия при обнаружении фактов коррупционных проявлений, проявлять свою гражданскую позицию в борьбе с коррупцией.

Главный специалист Управления регистрации договоров
Г.Н. Жанаева

Юмор против смога

В Алматы состоялся показ фильма «Мстители», поднимающего тему экологии

Уникальный трехсерийный видеопро-ект посвящен важным проблемам, таким, как загрязнение воздуха, обилие мусора и ответственность людей за чистоту того места, где они живут. При этом все проблемы освещаются с долей иронии и сатиры. Создатели посчитали, что благодаря такой подаче смогут привлечь внимание молодежи, и не ошиблись.

За две недели на одном из популярных видеопорталов мини-сериал собрал почти миллион просмотров. Сюжет его прост, но важен, он строится на том, что в городе появляется группа активистов,

борцов за экологию, которая называет себя «Мстителями». Ее главная задача – следить за состоянием экологии в Алматы и креативно наказывать тех, кто не соблюдает правила. Самое пристальное внимание создатели проекта уделяют качеству воздуха. Важно отметить, что проект создан на казахском языке с русскими субтитрами.

– Мы очень хотели, чтобы разговор об экологии, воздухе Алматы звучал по-казахски – на языке, который ближе молодому поколению. Это не только вопрос языка, но и вовлечения, доступности и уважения к нашей аудитории.



Данным сериалом мы показали, что тема экологии больше не может быть скучной или абстрактной. Мы должны говорить о ней просто, честно и эмоционально, – рассказала одна из авторов проекта, директор фонда Almaty Air Initiative Жулдыз Саулебекова.

Спикер отметила: состояние атмосферы Алматы – это то, что нас всех объединяет. Например, одну из серий посвятили проблеме с воровством катализаторов на СТО – удручающей тенденции, которая приводит к загрязнению воздуха в городе. Катализатор – это один из ключевых компонентов выхлопной системы. Он защищает воздух от токсичных веществ, помогает машине работать стабильнее. Если катализатор удален, то токсичность автомобильных выхлопов растет в разы.

– Мы хотим, чтобы наша аудитория заду-

малась, каким воздухом она дышит, и чтобы зритель понял: изменения возможны только, если мы осознаем проблему и начнем действовать. Через иронию и пародию можно донести то, о чем часто не хочется слышать в лоб, – считают создатели мини-сериала.

После показа состоялось живое обсуждение с участием команды проекта, актеров, и гостей. Зрители делились эмоциями, размышляли о возможных решениях и подчеркивали значимость нестандартной подачи сложной темы. Фильм уже вызвал резонанс, став платформой для диалога о том, как объединенные усилия могут помочь справиться с одной из самых острых экологических проблем в Казахстане.

Елена СОКОЛОВА

Фото предоставлены организаторами

Ценности – наглядно

В городе появился мурал, посвященный борьбе с коррупцией

Он был создан в рамках Года рабочих профессий и тематического волонтерского проекта. Граффити размещено на фасаде жилого дома 1/181 микрорайона Зердели Алатауского района.

Смысл задумки заключается в том, чтобы повысить уважение к добросовестному труду, сформировать у молодежи ценности порядочности, правосознания и антикоррупционного мировоззрения. Работа получила название «Честное поколение – будущее без коррупции». Она реализована при поддержке Управления по вопросам молодежной политики города Алматы.

В презентации мурала приняли участие заместитель руководителя Управления молодежной политики Алмаз Кенесбай, руководитель отдела культуры и развития языков акимата Алатауского района Ербол Калдарбеков, глава проекта «Антикоррупционное волонтерство» Акежан Кенесов и местные жители.

– На стене изображены пятеро молодых рабочих специалистов, смотрящие в будущее с уверенностью и надеждой. Это врач, педагог, полицейский, юрист и строитель. Это призыв к справедливости, честности и ответственно-му гражданскому отношению, – отметил Алмаз Кенесбай.

По словам руководителя проекта «Антикоррупционное волонтерство» Акежана Кенесова, у них есть и другие проекты, реализуемые совместно с молодежью.

Айгуль ДУСЕНБАЕВА



До новых встреч

Национальный русский театр драмы имени Лермонтова закрыл сезон премьерой спектакля «Совершенно летняя история»

Постановка создана на основе пьесы драматурга Василия Шкваркина «Чужой ребенок». На сцену историю перенес главный режиссер театра Дмитрий Скирта. Комедия получилась на сто процентов в духе этого храма искусства – с танцами, песнями, понятным прямолинейным сюжетом и таким же юмором.

На этот раз театр затрагивает тему отцов и детей. Согласно сюжету, все закрутилось благодаря тому, что одна начинающая актриса выбрала не слишком удачный метод вживания в роль, и теперь ее родители готовятся к статусу деда и бабушки. Тем временем история постепенно обрастает подробностями, не всегда, правда, нужными. Слишком уж много персонажей и сюжетных линий – настолько, что иногда теряется фокус, зритель может запутаться в сюжетных линиях. Из-за этого порой спектакль выглядит очень затянутым, но благодаря актерской игре скучным он почти не кажется, а некоторые шутки вызывают искреннюю улыбку.

В основном они касаются отношений родителей со взрослой дочерью и их характерных страхов в отношении девушки на выданье. Из этого трио мгновенно узнается только Анастасия Темкина, по голосу сразу понятно, кто же так удачно перевоплотился в мать юной артистки Манечки. Кстати, эта же актриса написала



тексты песен, которые звучат в спектакле. В образе ее сценического супруга, крайне переживающего за дочь, предстал Вячеслав Балашов, а в самого взрослого воздыхателя Мани перевоплотился Виталий Багрянцев. Саму же героиню, устроившую переполох в собственной жизни, сыграла Олександра Кравцова. Она создала образ наивной, но амбициозной актрисы, которая очень забавно, но с юношеским задором пытается заучить свою роль. В ее игре – легкость и искренность, порой граничащие с комичной трагедией, что делает образ живым и узнаваемым. Шекспировские страсти, только с определенной долей комедийности, кипят на сцене до самого конца.

«Совершенно летняя исто-

рия» – постановка, которая не претендует на глубину, но дарит душевную теплоту. Это идеальный летний выбор для тех, кто ищет легкую добрую комедию с музыкой и танцами. Постановка показывает, как из мелочей складывается жизнь: случайное произнесенное слово, случайно подслушанный разговор – и вот уже дача, где и происходит действие, превращается в театральную сцену.

В целом спектакль получился ярким и музыкальным, несмотря на некоторую затянутость и предсказуемость сюжета. Это все равно достойное завершение сезона.

Елена СОКОЛОВА

Фото предоставлено Национальным русским театром драмы имени Лермонтова



САЯСИ ШЕШІМ:
Антикор
не үшін таратылды ?

2

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №61 (6623) 4 шілде, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz



12+

ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

ТӨРІМІЗДЕН ДОМБЫРА ТҮСПЕСІН!

Төл мәдениетіміздің құнды қазынасын сақтау – баршамыздың парызымыз

Елімізде жыл сайын жексенбісінде Ұлттық домбыра күні аталып өтеді. Бұл айтулы күн биыл 6 шілдеге келіп тұр. Кең даланы мекен еткен қазақ жұртының ең қасиетті аспабы – домбыра. Демек, осы бір қоңыр үнді киелі аспаптың елдік деңгейде ұлықталуы заңды. Себебі, оның сымдай тартылған қос ішегінде сан ғасырдың үні жатыр. Көне дәуірден жеткен бұл аспап біздің болмыс-бітімімізді, салт-дәстүріміз бен мәдениетімізді айшықтайды.



Мерекенің мақсаты – атадан балаға мирас болған киелі домбыраны ұлықтау, дәстүрлі ән-жыр, күй өнерін насихаттау және жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігін арттыру. Бүгінде әсем Алматы көшелерінен домбыра құшақтап бара жатқан балдырғандарды жиі байқайтын бол-

дық. Себебі, шаһарда домбыра үйірмелері, домбыра сыныптары көптеп ашылуда. Қала баласының да домбыраны серік ете бастағаны, өнер көгіне өрмелеп келе жатқаны қуантады бізді. Өнерлі бала өрелі болады. Ал осынау Тәуелсіз елді тұғырлы ететін сол ұрпақ. Төл мәдениетіміздің құнды қазынасын сақтау –

баршамыздың парызымыз. Иә, рухымызды көтеріп, мерейімізді өсірген домбыра асыл мұрамызға, ұлттың символына айналды. Біз оны жан-жақты дәріптей беретін боламыз. Домбыра төрімізден түспесін! (Ұлттық домбыра күніне орайластырыла жазылған материалды 8-беттен оқи аласыздар).

АСТАНА

ЕЛДІҢ ЖҮРЕГІ, ҰЛТТЫҢ ҮМІТІ

Елорда күні – елдік пен жарқын болашаққа сенімнің мерекесі

6шілде – Тәуелсіз Қазақстанның символына айналған Астана қаласының туған күні. Бұл – еліміздің жаңа дәуірге аяқ басқан тарихи бетбұрысы. Елорда – саяси, экономикалық және рухани дамудың стратегиялық өзегі.

Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

1997 жылы астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы қабылданған тарихи шешім – тәуекелге толы, бірақ көреген қадам болды. Нәтижесінде жаңа астана – Тәуелсіздіктің тұғырын бекіткен іргелі қалаға айналды. 1998 жылы қала атауы Астана болып өзгертіліп, ЮНЕСКО шешімімен «Бейбітшілік қаласы» атағын алды.

Қаланың бас жоспары жапон сәулетшісі Кисё Курокава идеясы негізінде жасалған. Бас қаланың бой көтеруіне әлемге танымал сәулетшілер – Норман Фостер



мен Манфреди Николетти сын-ды шеберлер атсалысты.

Елордадағы «Бәйтерек», «Хан Шатыр», «Бейбітшілік және келісім сарайы», «Астана Опера», Ұлттық музей, «ЭКСПО-2017» көрмесінің кешені секілді ғимараттар Астананың сәулеті емес, елдің ой-арманы мен болашағының көрінісі. Бүгінде Астана – саяси орталық болуымен қатар, экономикалық, мәдени және ғы-

лыми хабқа айналды. Қалада еліміздің ең үздік университеттері, ғылыми орталықтары, медициналық кластер шоғырланған. Халықаралық деңгейдегі іс-шаралар мен форумдар тұрақты өткізіліп келеді. Соның нәтижесінде Астана Қазақстанды әлемге танытқан мегаполиске айналды. Мұндай ауқымды іс-шаралар қаланың жаһандық мәртебесін арттыра түсті.

2024 жылы Астананың жалпы өңірлік өнімі 13,5 трлн. теңгеге жетіп, республикалық көрсеткіштің 11%-ын құрады. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері 230 мыңнан асты. Инфрақұрылымды жаңғырту, көлік жүйесін жетілдіру, экологиялық жобалар мен цифрландыру бағытында ірі бастамалар жүзеге асуда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Астана – елдің болашағын айқындайтын стратегиялық орталық. Біз Елордамызды білім мен ғылым, мәдениет пен технология дамытын ұлттың темірқазығына айналдыруымыз керек», – деп атап өткен болатын.

Астана – тәуелсіздіктің тірегі, батыл шешім мен ұлттық бірліктің жемісі. Оның әрбір жетістігі – халқымыздың ортақ мақтанышы. Елорда күні – елдіктің, үміт пен жарқын болашаққа сенімнің мерекесі.

Алдағы уақытта да Астана заман талабына сай жаңарып, ел дамуының қозғаушы күшіне айналып, дами береді.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz





ЖАҢА ТАЛАП, САЯСИ ШЕШІМ:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі не үшін таратылды?

30 маусымда Мемлекет басшысының Жарлығымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі таратылды. Оның өкілеттіктері Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне бөліп берілді. Жарлық мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру аясында қабылданды. Құжатта бұдан өзге себеп айтылмады. Жемқорлыққа қарсы тұтас агенттікті тарату туралы саяси шешім қоғамда қызу талқыға түсті. Мұны ескеріп мақалада қабылданған шешімнің себебін іздеп көреміз.

МӘСЕЛЕ АГЕНТТІК ТӨРАҒАСЫНДА ЕМЕС

Кез келген мемлекеттік құрылымды тарату туралы ақпаратты естігенде, оның басты себебі басшысында деген ой келеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігін тарату туралы Жарлық шыққан бойда осындай пікірді жақтайтындар болғаны құпия емес. Бірақ Президент агенттіктің бұрынғы төрағасының жұмысына көңілі толмағандықтан, не қоғам тарапынан сын көбейгенінен ол басқарған мемлекеттік құрылымды таратқан жоқ. Себебі, 1 шілдеде Президенттің кеңесшісі – Баспасөз хатшысы Руслан Желдібай әлеуметтік желідегі ресми парақшасында былай деп жазды: «Мемлекет басшысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бұрынғы төрағасы Асхат Жұмағалиға белсенді әрі нәтижелі жұмысы үшін ризашылығын білдірді».

Президенттің таратылған агенттіктің экс-басшысының жұмысына алғыс айтуы сирек кездесетін саяси құбылыс. Демек, мәселе агенттік төрағасында емес. Енді



(Дереккөз: Akorda.kz)

сыбайлас жемқорлықпен күрес мүлдем жаңа деңгейде жүруі тиіс. Агенттіктің басты өкілеттігін Ұлттық қауіпсіздік комитетіне беру – жемқорлықтың ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатер ретінде танылғанын көрсетеді. Бұдан бөлек, 23 маусымда өткен құқық қорғау органдарының Кеңейтілген отырысынан кейінгі алғашқы шешім агенттікті тарату болғанын ескерген жөн. Бұл күштік құрылымдарды реформалаудың алғашқы қадамы болды.

ҰҚК РӨЛІ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

Таратылған агенттіктің өкілеттіктері ҰҚК мен Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне бөліп берілді. ҰҚК рөлін білу үшін агенттіктің қандай өкілеттіктері өткенін анықтау қажет.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру мен іске асыру, сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері берілді. Жарлықта ҰҚК-іне берілген өкілеттіктер ашық жазылмаған. Тек: «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомствосы – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі құрылсын», – деп көрсетілген.

ҰҚК Баспасөз қызметі 2025 жылы 2 шілдеде мынадай ақпарат таратты: «2025 жылғы 30 маусымда Мемлекет басшысының Жарлығымен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Ұлттық қауіпсіздік комитетіне қосылу ар-

қылы қайта ұйымдастырылды. Жаңа ведомство «ҰҚК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі» құрылды.

Осыған байланысты Комитетпен бір қатар ұйымдастырушылық, басқарушылық және практикалық іс-шаралары жүзеге асырылуда.

Құқықтар мен міндеттемелердің құқықтық мирасқорлығы рәсімдері аяқталғанға дейін қайта ұйымдастырылған ведомство бұрынғы режимде жұмыс істейтін болады».

Демек, қандай өкілеттіктерді алғаны әлі белгісіз. Бірақ соған қарамастан біз таратылған агенттіктің ережесін қарап қандай өкілеттіктер берілетінін болжай аламыз. Ол үшін Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне берілмеген өкілеттіктерді қарау қажет. Бұл өкілеттіктерге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеуді жүзеге асыру кіреді. Яғни күштік құрылымға тән өкілеттіктің бәрі ҰҚК-не өтеді. Ал Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жемқорлықтың алдын алу шараларымен айналысады.

Ойымызды қорытындылай келе, агенттікті тарату оның басшылығына емес, жаңа талапқа байланысты қабылданған саяси шешім екеніне көзіміз жетті. ҰҚК жемқорлыққа қарсы қызметті қалай жолға қоятынын әлі болжауға ерте. Оның қызметінің алғашқы нәтижесі биыл жыл соңында белгілі болмақ.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ОТАНДЫҚ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ:

Шетелдік талапкерлер неліктен Қазақстанды таңдайды?

Адам капиталы, ұлттық білім мен ғылымды дамыту бүгінде мемлекеттің стратегиялық құндылықтар негізін құрайды. Жиырма жыл бұрын азаматтарымыз жаппай білім мен ғылымды меңгеруге шетел асса, бүгінде еліміз шетел азаматтары үшін сапалы білім алатын құтты мекенге айналды. Мақаламызда отандық жоғары оқу орындарының еліміздің ғылыми-академиялық әлеуетін арттырудағы рөлі мен ықпалын бағамдап көрейік.

Қазақстанның ғылыми-академиялық әлеуеті: басты факторлар қандай?

Бытырғы жыл елімізде шетелдік студенттердің саны рекордтық деңгейге жетіп, 31 мыңнан асты. Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, көрсеткішті 2029 жылғы қарай 150 000 адамға жеткізу жоспарланған. Шетелдік азаматтар үшін Қазақстан тек академиялық білім алатын орта ғана емес, сонымен қатар асқақ арманын жүзеге асыруға барлық мүмкіндікті қалыптастыратын бірегей экожүйе орныққан орта болуы өте маңызды. Шетелдің үздік жоғары оқу орындарының елімізде филиалдарының ашылуымен қатар, отандық жоғары оқу орындарымыздың халықаралық рейтингтерде үздіктер қатарынан табылуы, Қазақстанның ғылыми-академиялық әлеуетін арттыратын басты факторлар. Былдан бастап елімізде Study in Kazakhstan жобасы жүзеге асуда.

- Биыл алғаш рет елімізде Азия елдерінен келген шетелдік студенттер үлесі ТМД елдерінен келетін студенттерден асты.
- Елімізде 3000-нан аса ресейлік студенттер білім алуда.
- Еуразия кеңістігінде 25 жасқа дейінгі жастардың үлесі бір миллиардтан асady.
- Қазақстандағы шетелдік студенттердің әрбір үшіншісі – үндістандық.
- Шетелдік тәлімгерлердің 40%-дан астамы Алматы қаласын таңдаған. Соңғы төрт жылда шетелдік студенттер саны 21 725-тен 31.500-ге артқан.

XXI ғасырдың басты ресурсы

Биыл елімізге келіп оқитын шетелдік студенттер арасында Қытай мен Үндістаннан келетін студенттер саны ТМД елдерінен келетін студенттер санынан алғаш рет асты. Қазақстанның тұтас Еуразия даласында кәсіби білім беру хабына айналуының бірнеше алғышарттары бар деп пайымдаймыз.

Біріншіден, сапаға негізделген білім. Ай басында жарияланған, QS World University Rankings нәтижесіне сәйкес, еліміздің 20 жоғары оқу орны әлемдік рейтингке енген. Кейбір жоғары оқу орындары рейтингке алғаш рет еңсе, келесі бір жоғары оқу орындары рейтингте көшбасшылар тізімінде. Халықаралық рейтингтер, соңғы жылдары жұмыс берушілер мен ата-аналар арасында сапалы жоғары оқу орнын таңдаудағы негізгі критерийге айналғаны ақиқат. Бұл тұрғыдан еліміздің жоғары оқу орындары айқын.

Екіншіден, Қазақстан аймақ студенттері үшін «алысты жақындатқан» елге ай-

налып отыр. Еуропа мен Американың, Жапония, Оңтүстік Кореяның үздік жоғары оқу орындарының елімізде филиалдарының ашылуын Қазақстанды аймақты академиялық хабқа айналдыруға жасалған төте қадам ретінде бағамдаймыз. Себебі, беделді жаһандық ғылым ордалары барлық елде өз филиалдарын ашуға құлықсыз екендігі жасырын емес. Үкімет тарапынан жасалған тиімді шарттар мен қолдаулар қолайлы жағдаят қалыптастырып отыр. Соңғы технологиялар мен жасанды интеллектіге негізделген білім беру бағдарламалары, елімізді әрбір көзі ашық жас үшін білім алуға жайлы мекенге айналдырған.

Үшіншіден, әрине заң мен тәртіп, қауіпсіздік мәселесі өте өзекті. Еліміздің халықаралық саясаттағы жағымды бейнесі мен ішкі бейбітшілік пен тұрақтылық шетелдік студенттерді елімізге тартуда өте маңызды рөлге ие. Қазақстанның құрлықтар түйісінде ғана емес, өркениеттер тоғысында орналасуы, әрбір азамат үшін кәсіби білім ғана алумен шектелмей, түрлі мәдениет пен құндылықтардың тоғысқанын көрсететін аймақ екендігін айқындап отыр.

Елімізде 2024-2025 оқу жылында жоғары білім алатын студенттердің саны соңғы 10 жылдағы ең жоғары деңгейге жетіп, 624 000-нан асты. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 5,4%-ға көп. Көрсеткіш тек ішкі сұраныстың артуы емес, елімізге шетелден білім алуға келетін азаматтар есебінен де артып отыр. Қазақстанда оқып жатқан шетелдік студенттердің басым бөлігі Үндістаннан келген (9,3 мың адам). Соның ішінде Алматы қаласында 4,7 мың үндістандық

студент білім алуда. Шетелдік студенттердің шамамен жартысына жуығы – ТМД елдерінен келген. Олардың ішінде екінші орында – Өзбекстан азаматтары (4,6 мың адам), үшінші орында – Түрікменстаннан келген студенттер (4,4 мың адам).

Алматы – аймақтағы академиялық қалашық

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, студенттердің шамамен үштен бірі Алматы қаласында оқиды. Мегаполисте бүгінде 202 мың адам білім алып, қала халқының 32,3%-ын құрайды. Бұл дегеніміз, қаланың әрбір үшінші тұрғыны студент. Студенттер арасында шетелдік шәкірттердің артуы, қаламызды аймақтағы академиялық қалашыққа айналдырып отыр. Қазақстан – сапалы білім, қауіпсіз орта және академиялық әлеуетті ұсынатын жетекші білім беру хабына айналууда. Ғылым және жоғары білім министрлігінің межесі – 2029 жылға дейін еліміздегі шетелдік студенттердің үлесін 150 мыңға жеткізу. Бұған отандық жоғары білім беру ордалары толықтай әлеуетті. Шетелдік студенттер санының артуы еліміздің жаһандық беделін нығайтып, ғылыми-интеллектуалдық капиталды дамытудың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастыратын болады.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран»
университеті.





ӘКІМНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР

Қаланы жаңғыртудағы жүйелі жұмыстар тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды шаһар аясындағы жұмыс сапарында «Атакент» кешеніне, Түркісіб ауданына және Тұңғыш Президент саябағына барды. Бірқатар маңызды инфрақұрылымдық және экологиялық жобалармен танысып, тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптастыру бойынша нақты тапсырмалар берді.

«АТАКЕНТ» – ЖАҢА КЕЛБЕТКЕ ИЕ БОЛАДЫ

Шаһар басшысы «Атакент» іскерлік ынтымақтастық орталығын қайта құру жобасымен танысты.

«Атакенттің субұрқақ кешені қаладағы ең көрікті орындардың біріне айналуы керек. Бұл жобаның жүрегі болмақ», – деді қала басшысы.

Жоба 2025 жылдың шілдесінен бастап кезең-кезеңімен іске асады. Аумағы 74 мың м² жол мен тротуар көріктендіріледі. 170 мың м² жасыл аймақ абаттандырылады. Сондай-ақ, жарық шамдары, көше жиһаздары, спорт алаңдары, модульді әжетханалар мен автоматтандырылған суару жүйесі орнатылады.

Әкім ағаш отырғызу кезінде түрлі жапырақты ағаштарға басымдық беріп, олардың Алматы климатына бейімделген түрлерін таңдау қажеттігін атап өтті.

СУ АЙДЫНДАРЫ МЕН ӨЗЕН ЖАҒАЛАУЫ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

Дархан Сатыбалды Түркісіб ауданында бірқатар инфрақұрылымдық және эколо-



гиялық жобалармен танысып, олардың орындалу мерзімін жеделдетуді тапсырды.

Бірінші нысан – Алтынкөл көлі. Мұнда 26 мың м² аумақтағы №18 және №19 тоғандарын тазарту жұмыстары бастала-

ды. Су қоймасын лай мен қоқыстан арылту арқылы экожүйені қалпына келтіру жоспарланған.

Сондай-ақ, әкім Кіші Алматы өзенінің Рысқұлов даңғылынан Әуежай көліне дейінгі бөлігін қайта жаңарту жобасын

қарап шықты. Бұл жоба аясында жағалауды бекітіп, көпірлер салынып, демалыс аймағы жасалады.

Қала басшысы Әуежай көлін тазарту шандор жүйесін қалпына келтіру және су деңгейін реттеу жұмыстарын қолға алуды тапсырды. Сонымен қатар, «Нұршашқан» шағынауданындағы бос аумақты көгалдандырылған қоғамдық кеңістікке айналдыру жобасы таныстырылды. «Мұндай бастамалар қала құрылысын экологиямен ұштастырып, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыруға бағытталуы тиіс», – деді әкім.

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТСАЯБАҒЫ ЖАҢАРАДЫ

Алматы қаласы әкімінің төрағалығымен Тұңғыш Президент саябағын қайта құруға арналған кеңес өтті.

Саябақ 2010 жылы ашылған. Қазіргі таңда мұнда 15 мыңнан астам ағаш бар, бірақ автоматты суару жүйесі толық жұмыс істемейді. Сондықтан инфрақұрылымды жаңарту қажеттігі туындап отыр. Жаңа жобада саябақты орнықты көгалдандыру тұжырымдамасы енгізілген. Ағаш пен бұтаның түрлері көбейтіліп, 4 гектарлық тоғай және 5,5 мыңнан астам гүлдейтін ағаш отырғызу жоспарланады. Экожүйеге бейім шөптесін өсімдіктер егіледі.

«Суару жүйесін жаңартып, саябақтың табиғатты қорғау қызметін күшейту қажет. Бұл – экологиялық маңызы жоғары аймақ», – деді Дархан Сатыбалды.

Әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

Әуезов ауданы:

ЖҮЙЕЛІ ДАМУ, АУҚЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ

Алматы қаласының Әуезов ауданында кешенді жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Инженерлік желілерден бастап, мектептер мен балабақшалар, жол-көлік инфрақұрылымы, медициналық нысандар, қоғамдық кеңістіктер мен қауіпсіздік жүйелеріне дейін барлық бағыт қамтылып отыр. Бұл туралы Алматы өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында аудан әкімі Абзал Егембердиев мәлімдеді.



Ернұр
РЫСБАЙ



Аудан аумағында 130 шақырымнан астам инженерлік желі жаңартылуда. 2025 жылдың қарашасында «Мамыр-4» шағынауданында 12,3 шақырым инженерлік желінің құрылысы аяқталып, 1 мыңнан астам тұрғын сапалы қызметке қол жеткізеді. Ал «Достық» шағынауданында 15,7 км кәріз желісі салынып жатыр. Жобаның құны – 2,6 млрд. теңге. Сондай-ақ, Саин – Жандосов – Қарғалы өзені – Шаляпин көшелері аралығында 49 км желі жүргізілуде. Бұл 3 мыңнан астам тұрғынның тұрмыс сапасын арттырады.

Жылу жүйелері де жаңартылып жатыр. Саин, Тоқтабаев, Черепанов көшелері мен «Мамыр-3», 5-шағынаудандарында 4,9 км желі жаңарды. Бұл нысандарда желі соңғы 30 жылдан бері жаңартылмаған. Жобаға 4,4 млрд. теңге инвестиция тартылды. Сонымен қатар, «Жетісу-2» шағынауданында 1,1 км жылу желісін жаңарту жобасы биыл тамызда аяқталады. Электр желілері де ерекше назарда. Қазіргі тозу деңгейі – 63%. Апат-

ты жағдайды азайту үшін «АЖК» АҚ биыл 36,3 км электр желісін және 49 трансформаторлық қосалқы станцияны жаңғыртады. Жобаның құны – 120,4 млн. теңге. Сыртқы жарықтандыру да жаңарып жатыр. Биыл 52 км кабель, 487 баған орнатылып, 2500 шам ауыстырылады. Сонымен қатар, 81 жарықсыз учаскеде 824 жаңа жарық бағаны орнатылады.

Әлеуметтік салада айтарлықтай жұмыстар атқарылуда. Бүгінде ауданда 5 мың мектеп орны жетіспейді. Бұл мәселені шешу үшін №97 мектептің орнына 600 орынды жаңа мектеп салынды, №9 мектепке 1200 орынға арналған күрделі жөндеу жүргізілді. Қазіргі таңда №13, №72, №158 мектептерінің жаңа ғимараттары, №42 мектепке 300, №1 мектепке 400 орынды қосымша ғимараттар салу үшін құжаттар дайындалуда.

Балабақша тапшылығы – 6 мыңнан астам орын. Бұл бағытта 10-шағынауданда 160 орынды, «Алтын бесік» шағынауданында 120 орынды балабақша 2025 жылдың тамызына дейін ашылады. «Тау-

гүл» шағынауданындағы апатты ғимарат орнына да 120 орынды балабақша салу көзделіп отыр.

Мәдениет саласында Н.Сац атындағы Мемлекеттік академиялық орыс балалар және жасөспірімдер театры қайта жаңғыртылуда. Құны – 23,9 млрд. теңге болатын. Құрылыс 2026 жылдың маусымында аяқталады. Медицинада да ілгерілеу бар. «Жетісу-3» шағынауданында ерекше балаларға арналған «Парасат» әлеуметтік орталығы ашылды. «Таугүл-3» шағынауданындағы №18 емхана жөндеуден өтті, жыл соңына дейін №16 емхана да жаңартылады. «Қуаныш» шағынауданында 300 адам қабылдайтын емхана жобасы әзірленуде.

Ауданның қоғамдық кеңістіктері мен аулалары жаңа келбетке ие болуда. «Ақсай-4», «Мамыр-4» және «Жетісу-3», 12-шағынаудандарында жаяу жүргінші аймақтары абаттандырылуда. Сайран көлі де жаңартылып, қала тұрғындарының сүйікті орындарының біріне айналды. Қауіпсіздік мақсатында суға түсуге уақытша тыйым салынған. Қараша айына дейін Жұбанов көшесі мен Сайрандағы аулалар толық жаңартылады. Жоба аясында спорт алаңдары, бейнебақылау, шамдар мен көлік тұрағы салынады. «Халық қатысатын бюджет» аясында 2025 жылы 30 жоба жүзеге асырылады: 24-і қоғамдық кеңістік, 6-аулалық жоба. 2025 жылы 23 аулаға күрделі жөндеу және 97 аулаға ағымдағы жөндеу жүргізіледі. Сонымен бірге, 25 үйге сәндік жарық, 45 ғимараттың қасбеті жөнделеді. 45 көпқабатты үйге күрделі жөндеу жүргізіліп, 32 үйдегі 34 лифт жаңартылмақ.

Қолдау мен көмек. Аудан әкімінің айтуынша, 2025 жылдың алғашқы бес айында 174 отбасы 61 млн. теңге әлеуметтік көмек алып, жалпы 33 мың тұрғын-

ға 876 млн. теңге қаржы бөлінді. Бүгінде 49 мың зейнеткер, 4,5 мың көпбалалы отбасы және 9,5 мың мүмкіндігі шектеулі азамат (оның ішінде 1,5 мыңы – бала) тұрады. Ауданда төрт әлеуметтік жоба жұмыс істейді: «Бақытты отбасы» орталығы (21 мың адам), «Шыңға Өрлеу» клубы (640 бала), «Тең қоғам» (800-ден астам азамат), «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы (60 мың адам).

Жастарға арналған жобалар да белсенді дамып келеді. 41 мыңнан астам студент бар ауданда Комьюнити-орталық жұмыс істейді. Мұнда жыл сайын 10 мыңнан астам студент қызмет алады.

«Damu Bala» бағдарламасы арқылы 18 мыңнан астам бала 15 спорттық және 18 шығармашылық бағытпен қамтылған. 2025 жылы 8683 бала қатысып, 9871 ваучер пайдаланылды. «Fare Face» жобасына 1516 бала тіркелген.

Жол-көлік инфрақұрылымы бойынша 2025 жылы 30 мың шаршы метр жол жөнделмек. Қазірдің өзінде 20 мың шаршы метр жол мен 10 мың шаршы метр тротуар салынды, 5 км арық жүйесі орнатылды.

Қоғамдық көлік саны 1325-тен 1563-ке көбейіп, 8 жаңа маршрут ашылды, 13 бағыт жаңартылды. Ауданда 153 «Сергек» кешені және 1027 камера орнатылды. Бұл шаралар жол қауіпсіздігін арттыруға ықпал етті.

Әуезов ауданы барлық бағыт бойынша ауқымды жаңғыру жолына түсті. Инфрақұрылымнан бастап, әлеуметтік қорғау мен мәдениетке дейінгі салаларда атқарылған жұмыстар тұрғындар үшін жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға бағытталған.



Алмалы ауданы:

АЖАРЛЫ АЙМАҚ

жаңаша түрленіп келеді



Алматының дәл жүрегінде орналасқан Алмалы ауданы – шаһардың мәдени, экономикалық, тарихи орталығы. Мұнда өмір сапасын жақсартуға, жайлы қалалық орта қалыптастыруға бағытталған көптеген жобалар жүйелі жүзеге асып келеді.

Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Аудан әкімі Арман Шамшин Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығындағы жұмыстар мен алдағы жоспарларды таныстырды.

КӨГАЛДАНДЫРУ МЕН ЖАРЫҚТАНДЫРУ – БАСЫМ БАҒЫТ

Алмалы ауданы жасыл аймақтар мен қоғамдық кеңістіктерді жаңартуда көш басында тұр. Жыл басынан бері аудан бойынша 230 ағаш пен 55 мыңнан астам бұта отырғызылған. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында көгалдандыру мен абаттандыру бағытында 45 жоба қолға алынды. Бұл жобалар аулаларды жөндеуге, скверлерді көгалдандыруға және жасыл желекпен көмкеруге бағытталған.

Мәселен, Наурызбай батыр, Шевченко, Құрманғазы көшелерінде көгалдандыру жұмыстары басталып кетті. Тамыз айында тағы бес мекенжайда дәл осындай жұмыстар жүргізіледі деп күтілуде. Сонымен қатар, А.Иманов атындағы сквер мен Абай даңғылы бойындағы жасыл белдеулер жаңартылып жатыр.

Жарықтандыру бойынша да ауқымды жобалар атқарылуда. Биыл ауданда 4500 шам ауыстырылып, 58 шақырым кабель тартылуы тиіс. Қазірдің өзінде 1901 шам жаңартылып, 22,5 шақырым кабель тартылып үлгерді. Жол бойындағы қауіпсіздікті арттыру мақсатында Төле би, Наурызбай батыр көшелері, Сейфуллин және Назарбаев даңғылдары бойында жарықтандыру жұмыстары жалғасып жатыр.

АБАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚАЛА ТАЗАЛЫҒЫ

Аудандағы аулалар мен көшелердің тазалығы – күн тәртібіндегі мәселе. Бүгін-

де үш мердігер ұйым 110 көшенің тазалығына жауапты. Жұмысқа 241 адам мен 162 арнайы техника тартылған. Аула аумақтарына – бес ұйым, 325 қызметкер мен 45 техника жұмылдырылған. Жалпы ауданда 425 аула бар. Жасыл аймақтарды күтіп-баптауға 113 жұмысшы мен 25 техника тартылған.

Аудан бойынша үш жедел топ құрылып, тұрғындардың арыз-шағымына шұғыл әрекет ету жүйесі енгізілген. Тұрғындар telegram арнасы арқылы өтініш жолдай алады.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ» – ТИІМДІ ТӘСІЛ

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында биыл Алмалы ауданында 2 млрд. теңгеге 45 жоба жүзеге асырылмақ. Соның ішінде: 23 жоба – аулаларды жөндеуге, 18 жоба – скверлер мен саябақтарды абаттандыруға, 4 жоба – көгалдандыруға бағытталған.

Қазірдің өзінде Қабанбай батыр, Шагабутдинов, Панфилов, Әуезов көшелерінде жөндеу жұмыстары аяқталып қалды. Сонымен қатар, Қарасай батыр көшесінің бір бөлігі мен Арбат жаяу жүргіншілер аймағында жаңарту жұмыстары басталды.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ: МЕКТЕП, БАЛАБАҚША, ЕМХАНА

Алмалыда 43 мектеп пен 62 балабақша жұмыс істейді. Олардың 29-ы мемлекеттік мектеп болса, 14-і жекеменшік. №58 мектепке 600 орынды, №16 мектепке 300 орынды жаңа корпус салынуда. Сондай-ақ, төрт мектеп пен «Теремок» балабақшасында сейсмоқушейту жұмыстары басталған. Биыл 1500 орынды жаңа мектеп салынып, «Шабыт» атты оқушылар сарайы пайдалануға берілді.

Балабақшалар да жаңарып жатыр. 13 мектепке дейінгі мекемеде биыл күрделі жөндеу өтеді. Сонымен қатар, Тастақта 240 орынды балабақша салынады.

Денсаулық сақтау саласында 12 мемлекеттік және 13 жеке мекеме қызмет көрсетеді. №3 қалалық емхана күрделі жөндеуден өтуде. Төреқұлов көшесіндегі адам репродукциясы орталығы жаңартылуда. Масаншы мен Әйтеке би көшелерінің қиылысында 500 адамға арналған жаңа емхана құрылысы басталмақ. Сонымен қатар, Тастақта мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорт орталығының құрылысы жүріп жатыр. Абай мен Масаншы қиылысында балаларға арналған оңалту орталығының жобасы әзірленуде.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ

2025 жылдың алғашқы 5 айында Алмалы ауданынан бюджетке 528 млрд. теңге түсіп, қаладағы ең жоғары көрсеткіштердің біріне жетті. Оның 350 млрд. теңгесі – республикалық, 180 млрд. теңгесі – жергілікті бюджетке бағытталған.

Бұдан бөлек, 79,7 млрд. теңге инвестиция тартылған. Оның 45 млрд.-ы құрылысқа салынды. Шағын және орта кәсіпкерлік те дамып келеді – ауданда 72 мыңнан астам субъект тіркелсе, оның 38 мыңы – жеке кәсіпкерлер.

Өнеркәсіп көлемі – 105 млрд. теңге, ішкі сауда айналымы – 1,8 трлн. теңге. Оның ішінде бөлшек сауда – 381 млрд., көтерме сауда – 1,4 трлн. теңге.

ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Алмалы ауданында биыл 5,8 шақырым болатын 11 көшеде орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Соның ішінде Төле би көшесінің жөндеуі аяқталып, Байзақов көшесінде жұмыстар жалғасуда. Сонымен қатар, жаңбыр суын ағызатын 540 құрылғы орнатылып, 325 люк көтерілді, 10 шақырымнан астам техникалық жолақ төселді.

Желтоқсан мен Райымбек көшелерінде BRT жолағының құрылысы қатар жүргізілуде. Бұл қоғамдық көліктің жылдам әрі тиімді қозғалуына мүмкіндік бермек.

- Алмалы ауданы – Алматының айнасы. Мұндағы жұмыс көлемі – қаланың дамуына қосылған салмақты үлес. Инфрақұрылым, көгалдандыру, жарықтандыру, жол, білім, денсаулық сақтау салаларындағы жүйелі жұмыстар – жайлы, қауіпсіз және заманауи қоғамдық кеңістік қалыптастыруға бағытталған. Аудан әкімдігімен әлеуметтік желілер арқылы, тектырақ айтсақ, Instagram, телеграм каналдары арқылы да байланысқа шыға аласыз. Ол жерде сұрақ қойып, мекенжайыңызды көрсетіп, суретіңізді қойсаңыз болды. Тұрғындардың арыз-өтініші бірден қабылданады дейді, әкімдіктің өкілдері.

Алматы
индустриялық
аймағы:

ЗАМАНАУИ ӨНДІРІСТІК СЕРПІЛІС

Алматы қаласы өзінің тарихи-мәдени келбетімен бірге экономикалық әлеуетімен де ерекшеленеді. Әсіресе, Алматы индустриялық аймағының дамуы мегаполистің заманауи өндірістік келбетін қалыптастырып келеді. Бұл қаланың болашағына тікелей әсер ететін стратегиялық жобалардың бірі.

Бұл аймақ 2012 жылы құрылғанымен, қазірдің өзінде отандық және шетелдік инвесторлар үшін тартымды өндіріс алаңына айналып үлгерді. Шетелдік инвесторлардың қатары жыл сайын артып отыруы да оның инвестициялық тартымдылығын толық әйгілеп отыр. Ондағы толық қамтылған инфрақұрылымдық мүмкіндіктер, яғни жол, су, газ, энергия, байланыс жүйелері кәсіп орындардың еркін жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Қазіргі таңда жалпы ауданы 490 гектардан асатын аумақта 100-ден аса жоба тіркелген, оның ішінде 30-дан астамы іске қосылып, отандық өнім шығарып келеді.

Индустриялық аймақта өндірілетін өнімдер саналуан. Айталық, фармацевтика, құрылыс материалдары, тамақ өнеркәсібі, машина жасау, IT-жабдықтар өндірісі сияқты бағыттарда жұмыс істейтін кәсіпорындар да бар. Сарапшы мамандар өндірістік аймақтың басты рөлі – Алматының экономикалық құрылымын әртараптандырып, импортты алмастыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға үлкен серпін беруінде деп санайды.

Соңғы мәліметтерге қарасақ, индустриялық аймақ кәсіпорындарының жыл сайын өндіретін өнімдерінің құны 100 млрд. теңгеден асады. Демек, бұл тек ішкі нарыққа ғана бағытталмайды, өндіріс ошағы экспорттық әлеует үшін де маңызды екенін көрсетіп отыр. Бүгінгі таңда ондағы өндіріс орындары 2 мыңнан аса адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Алдағы кезеңге индустриялық аймақты кеңейту, «жасыл өндіріс» технологияларын енгізу, цифрландыру мен логистика жүйесін жетілдіру жоспарланған. Сонымен қатар, инвестициялық климатты жақсарту үшін әкімдік тарапынан қосымша қолдау тетіктері барған сайын жетілдіріліп келеді.

Мұндай индустриялық аймақтың дамуы мегаполисті тек сауда мен қызмет көрсету емес, өндіріс қаласы ретінде де дамытуда айрықша мәнге ие. Қаланың экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін бұл жоба бір ғана Алматы қаласы емес, тұтас елдің өндірістік саланы дамытудағы үмітін арқалап отыр.

Қалмұрат АҚБОЛАТ.



АСПАЛЫ ӨТКЕЛДЕР

тек көлік қозғалысын жеңілдетіп қана қоймай, жаяу жүргіншілер қауіпсіздігін де қамтамасыз етуі тиіс

Алматы қаласының көлік жү-
йесі жыл өткен сайын жаңа-
рып, дамып келеді. Жол магистраль-
дары тек көлік құралдары үшін ғана
емес, жаяу жүргіншілердің де
қауіпсіздігі мен жайлылығы ескеріл-
ген маңызды инфрақұрылым ретін-
де қарастырылуда. Соның дәлелі –
қала көшелерінде орнатылған
жерүсті жаяу жүргіншілер өткелдері.
Алайда, бұл өткелдердің қазіргі
жай-күйі мен қолайлылығы жөнін-
де сауалдар да аз емес.



Ернұр
РЫСБАЙ

МОНИТОРИНГ: 459 ТҮРЛІ АҚАУ ТІРКЕЛДІ

Қала бойынша бүгінгі таңда 77 аспалы
жаяу жүргіншілер өткелі бар. Биыл өткел-
дердің техникалық жағдайын тексеру
мақсатында қала аумағында арнайы рейд
ұйымдастырылды. Мониторинг нәти-
жесінде 459 түрлі ақау тіркелген. Атап
айтқанда, өткелдердің қасбеттік қаптама-
сының бүлінуі, жарық шамдарының істен
шығуы, тактильді плиткалардың қабыр-
шақтануы, қауіпті электр сымдары, жарық
және бейнебақылау жүйелеріндегі ақау-
лар, қоршаулардағы коррозия, граффити
жазбалар мен заңсыз сауда нүктелері
анықталған болатын. Қазіргі уақытта, бар-
лық ақаулар жойылып, өткелдер қалыпты
жағдайға келтірілді. Жалпы, өткелдердің
сапалы күтімі – олардың мерзімінен бұ-
рын тозбауы мен қалалық ортадағы эсте-
тикалық үйлесімділікті сақтауда маңызды
рөл атқаратыны анық.

Бостандық ауданында бар-жоғы
7 аспалы өткел бар. Солардың бірі – Әл-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Фараби даңғылы бойында орналасқан,
Президент саябағына өткізетін көпір. Бұ-
рын мұнда көліктер қозғалысы кезінде
өткел дірілдейтін, кейіннен конструкциясы
нығайтылып, бұл мәселе ішінара шешімін
тапты. Өткел жарықтандырылған, қор-
шалған, сондай-ақ таулы аймаққа әдемі
көрініс ашылады.

Медеу ауданында 13 аспалы өткел
орналасқан. Солардың бірі – Сүйінбай
даңғылы бойындағы «Мерей» сауда
үйінің жанында. Алайда, мұнда да кейбір
олқылықтар кездеседі. Мәселен, бетон
жабындысында жарылған жерлері бар,
өткелдің кей тұстары күтімді керек етеді.
Өткелдің темір қоршаулары мен тұтқала-
ры қаланың дизайн-код бағдарламасына
сай сұр түске боялған.

Жетісу ауданында 18 аспалы өткел
бар. Рейд барысында «Максима» сауда
орталығының жанындағы өткелдің таза

әрі жарық шамдары түгел екені байқалды.
Ал «Адем» сауда үйінің маңындағы өт-
келдің іргесінде аздаған қоқыс болғаны-
мен, өткелдің өзі жақсы жағдайда. Бұл
жердегі тазалыққа жаяу жүргіншілердің
немқұрайлы қарайтыны байқалады.

Наурызбай ауданында орналасқан
8 өткелдің екеуі «Алтын Орда» жолайры-
ғының құрылысы аясында салынғанымен,
әлі қала балансына өтпеген. Биылғы жылы
«Халық қатысатын бюджет» бағдарлама-
сы аясында үш өткелге 60 миллион теңге
бөлініп, ағымдағы жөндеу жұмыстары
жүргізілуде.

СЫН-ҚАТЕРЛЕР

Жалпы алғанда, өткелдердің ағымда-
ғы жағдайы қанағаттанарлық деңгейде.
Алайда, барлық дерлік аспалы өткелдер-
де мүгедектігі бар азаматтарға арналған
лифтілер жұмыс істемейді. Көп жағдайда

лифт есіктері құлыптаулы, шақыру түйме-
лері істен шыққан, ішкі бөлмелер қоқысқа
толы. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей
аспалы өткелдердің болуы – көлік қозға-
лысын бірінші орынға қоятын қала саяса-
тының көрінісі. Аспалы өткелдердің лифт-
тері мен пандустары үлкен мәселеге
айналып отыр. Қарттар, жүкті әйелдер,
балалар арбасын итеріп жүрген ата-ана-
лар мен уақытша жарақат алған азаматтар
үшін бұл өткелдер үлкен сынақ. Мұндай
өткелдер көп жағдайда пандустардың
тым тік, баспалдақтардың биік болуы се-
бебінен қолайсыздық туғызатыны анық.

ЖАҢА ШЕШІМДЕР ҚАЖЕТ

Қаладағы көлік кептелісін азайту мақ-
сатында салынған аспалы өткелдер өз
міндетін толық орындап жатыр деп айта
алмаймыз. Мамандардың пікірінше, бұл
мәселені шешудің ең тиімді жолы – қо-
ғамдық көліктің дамуына басымдық беру.
Сол арқылы қала тұрғындары жеке көлік-
ке тәуелділіктен арылып, аспалы өткел-
дердің қажеттілігі де азаяды. Кейбір жоба-
ларда, мәселен, Райымбек даңғылы
бойында, аспалы өткелдерді жерүсті өт-
келдермен алмастыру идеясы көтерілуде.
Бұл – азаматтардың жүріп-тұруын жеңіл-
детіп, қолжетімді инфрақұрылымды қа-
лыптастырудағы оң қадам болар еді.

**Алып шаһарымыз – адамдар
үшін жайлы әрі қауіпсіз болуы тиіс.
Аспалы өткелдер – бұл тек көлік-
тердің қозғалысын жеңілдететін
емес, ең алдымен адам өмірінің
қауіпсіздігін қамтамасыз ететін
нысандар. Сондықтан олардың
тек сыртқы көрінісіне емес, ішкі
функционалдығына, инклю-
зивтілігіне және қолжетімділігіне
де баса назар аударған жөн.**

ДАМУ ЖОСПАРЫ

ӘР АУДАН – ШАҒЫН ҚАЛА

Алматыда полиорталықтық тепе-теңдік қалай құрылуда?

Алматыда бүгінде қала дамуы-
ның жаңа бағыты – полиорта-
лықтық жүйе белсенді түрде жүзеге
асырылып жатыр. Бұл – қаланың ор-
талығына ғана емес, барлық бөлік-
теріне тең мүмкіндік беру мақсатын
көздейтін стратегия. Қарапайым тіл-
мен айтқанда, әрбір аудан өзінің ша-
ғын орталығына, жұмыс орындарына,
мектептер мен қоғамдық кеңістіктер-
ге ие болады. Қала билігінің жаңа бас-
тамасы тұрғылықты жеріне қарама-
стан әрбір тұрғынға жайлылық пен
мүмкіндіктер береді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ЖАҢА ОРТАЛЫҚТАР – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Полиорталықтар құру – Алматының іс-
керлік және тарихи орталықтарын босатып
қана қоймай, сонымен қатар шеткі аудан-
дардың жергілікті тұрғындары үшін барлық
қажетті әлеуметтік инфрақұрылымды,
жаңа қоғамдық кеңістіктерді, оның ішінде
үлкен саябақтарды салуға мүмкіндік бе-
реді, кеңсе және коммерциялық алаңдар-
ды, қонақүйлерді жобалау есебінен
жеткілікті жұмыс орындарының пайда бо-
луына негіз болады.

Жаңа бастамалардың маңыздылығын
INK Architects сәулетшілер тобының же-
текшісі, Британдық сәулетшілер корольдік
институтының (RIBA) жарғылық мүшесі,
Американдық сәулетшілер институтының
(AIA) халықаралық қауымдастырылған
мүшесі Құралай Есмұханова былай түсінді-
реді: «Бұл тұрақты, жанды үрдіс екенін
түсіну маңызды. Бас жоспар – бұл қатып
қалған сызба емес, уақыт өте келе
жетілдірілетін және бейімделетін икемді
стратегия. Жаңа қала әкімшілігінің соңғы
бастамалары бұл жұмысқа күшті қосымша
серпіні берді. Полиорталықтылық идеясы-
на баса назар аударылуда, яғни жұмыс
орындары санын арттыру үшін, ауданның
өзінде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету
мақсат етілуде».

ШАҒАРДЫҢ «ШЫҒЫС» ЖӘНЕ «БАТЫС ҚАҚПАЛАРЫ»

Халықаралық тәжірибе көпорталық-
тардың дамуы мегаполистің тұрақты да-
муы үшін тиімді жол екенін дәлелдеген.
Мәселен, Париждің Ла Дефанс іскерлік
ауданын дамыту шоғырланған шағын елді-
мекендердің барлық бөліктеріне жаңа өмір
әкеліп, тарихи орталықтарға қарсы, күшті
тепе-теңдікті қалыптастырды. Бұл жаһан-
дық үрдіс іс жүзінде өзінің тиімділігін дә-
лелдей отырып, Қазақстанға да келді.

INK Architects ұжымы қазір «Шығыс
қақпасы» және «Батыс қақпасы» атты жаңа
қалалық орталықтарды жобалаумен айна-
лысуда. Бұл аудандарда тұрғындар үшін
барлық жағдай жасалады – мектептер,

балабақшалар, кеңселер мен қонақүйлер,
ірі саябақтар мен спорттық алаңдар жос-
парға енген.

– Біздің міндетіміз – ғимараттар салу-
мен шектелмей, толыққанды, жанды қала-
лық ортаны жобалау. Монотонды құры-
лыстың орнына біз «кеуектілігі» бар
кварталдар жасаймыз. Жобаларда жаяу,
велосипедпен немесе көлікпен қатынау
ыңғайлы, әртүрлі сценарийлер қарастыры-
лады, – деді сәулетші.

ӨТКЕННЕН – ТӘЖІРИБЕ, БОЛАШАҚҚА – ТЕПЕ-ТЕҢДІК

– Алматы советтік дәуірден қалған жос-
парлау үлгісімен дамыған қала. Кеңестік
тәсіл бізге бүгінгі күнге дейін қолданып
жүрген құнды мұраны қалдырды. Атап
айтсақ, шағынаудандарда мектептерге,
балабақшалар мен емханаларға қадамдық
қолжетімділік қағидаты және бүгінгі таңда
BRT және LRT сияқты заманауи, көлікке
қатысты шешімдерді біріктіруге мүмкіндік
беретін жеткілікті кең даңғылдар. Бүгінгі
міндет – өткеннің ең жақсысын алу және
қала құрылымын заманауи шындыққа
бейімдеу, – дейді Құралай Есмұханова.

Жаңа орталықтарда әлеуметтік инф-
рақұрылым толық қамтылады. Жаңа мек-
тептер мен балабақшалар бұрыннан бар
мекемелерге салмақ салмайды. Сонымен
қатар, жұмыс орындары аудан тұрғындары-
на ғана емес, көрші аудандардан кел-
етіндерге де есептелген.

– Біз шамадан тыс маятниктік көші-қон-
ды тудырмайтын, бірақ тұрғылықты жерде

өмір сүрудің жоғары сапасын ұсынатын,
өзін-өзі қамтамасыз ететін аймақтарды
құруға тырысамыз, – дейді Қ.Есмұханова.

САПАЛЫ ОРТА ШЕТ ЖАҚТА ТА БОЛАДЫ

Сәулетші жобаларда қоғамдық кеңістік-
терге ерекше көңіл бөлініп жатқанын айтты.
Екі орталықта да үлкен саябақ аймақтары
қарастырылған. Демалыс инфрақұрылымы:
балалар ойын алаңдары, скейт-парктер, вор-
каут-аймақтар, спорт алаңдары салынақ.

Сондай-ақ, тұрғын үй аулалары жеке
қалып, коммерциялық нысандар тек адам-
дар көп жүретін жерлерде шоғырланатын
болады. Бұл – көше мәдениетін дамытып,
қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруға
ықпал етеді.

– Біз шамадан тыс маятниктік көші-қон-
ды тудырмайтын, бірақ тұрғылықты жерде
өмір сүрудің жоғары сапасын ұсынатын,
өзін-өзі қамтамасыз ететін аймақтарды
құруға тырысамыз. Бұл біздің қаланың үй-
лесімді және теңгерімді дамуына қосқан
үлесіміз, мұнда сапалы және эстетикалық
қалалық орта тек орталықта ғана емес,
Алматының басқа бөліктерінде де қол-
жетімді болады.

Нәтижесінде таңдау орталық пен пери-
ферия арасында емес, теңгерімсіз өсу мен
үйлесімді даму арасында болады. Полиор-
талық – бұл тұрақты болашаққа, тұрғылық-
ты ауданына қарамастан, әрбір тұрғынға
жайлылық пен мүмкіндіктер қолжетімді
қалаға салынған инвестиция, – деп қоры-
тындылады Құралай Есмұханова.

**Қаланың дамуындағы бұл жаңа
бетбұрыс – Алматыны тек әсем
қала ғана емес, әрбір алматылық
үшін жайлы өмір сүру ортасына
айналдыру жолындағы маңызды
қадам болары анық.**

KEҢЕС

Дархан САТЫБАЛДЫ:

Жиынға аудан әкімдері, қала басқармаларының басшылары және тиісті сала өкілдері қатысты. Кеңесті ашқан қала әкімі бастаманы іске асыру жүйелі көзқарас пен күнделікті бақылауды талап ететінін жеткізді. «Таза Қазақстан» акциясы ерекше бақылауда. Біздің міндетіміз – бір реттік сенбіліктер өткізу емес, көшелерде, аулаларда және халықтың санасында нақты өзгерістерге қол жеткізу», – деді Дархан Сатыбалды.

Ігі іске жүйелі түрде дайындалу мақсатында жеті негізгі бағыт бойынша 81 іс-шараны қамтитын Жоспар-тапсырма жасалып, қала секторы бойынша күнделікті бөлінетін желілік кесте әзірленген.

Жиында акцияға қатысты ақпараттық жұмыстарды жоғары деңгейде жүргізуге ерекше көңіл бөлінді. Ауқымды медианауқан басталып, ұрандар, бейнероликтер, аудиоөнімдер әзірленіп, 160 LED-экранда, тұрғын үйлердің лифтілерінде, метро мен радиостанцияларда, әлеуметтік желілерде көрсетіліп жатыр.

ХАЛЫҚ ЖӘНЕ НАРЫҚ

ЖАСТАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ЖҰМЫСЫ

тәрбие мен табыс көзі және үлкен жауапкершілік алаңы

Жаз – демалыс уақыты ғана емес, кей жастар үшін еңбек етіп, табыс табуға мүмкіндік беретін кезең. Жыл сайын оқу жылы аяқтала салысымен жұмыс іздеп, маусымдық қызметтерге кірісетін студенттер мен жоғары сынып оқушыларының саны жыл сайын артып келеді. Бірі – дәмханада даяшы, бірі – курьер, енді бірі – сауда орталығында сатушы не қоймада реттеуші қызметін атқарады. Бұл құбылыс – қазіргі қоғамдағы жастардың белсенділігін, еңбекке деген құштарлығын және өз бетінше өмір сүруге ұмтылысын көрсететін айқын көрініс.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

Еңбек құндылығы: алғашқы қадам

Жастардың жазғы жұмысы көбінесе бір күндік немесе қысқа мерзімді болатыны белгілі. Көптеген мекемелер тұрақты емес, маусымдық жұмысшыны іздейді. Бұл жастар үшін бір жағынан икемділік берсе, екінші жағынан еңбек нарығындағы алғашқы тәжірибе бола алады. Бір күндік жұмыс уақытша болғанымен, табыс нақты. Ал жас буын үшін дәл осы нақты табыс үлкен мотивацияға айналады. Көптеген студенттер өз қажеттіліктеріне қаражат жинауға тырысады: біреуі оқу құралдарын алғысы келсе, екіншісі жаңа гаджетке ақша жинайды.

Ең бастысы – олар өз еңбегімен тапқан қаражатқа ие болудың дәмін сезінеді. Бұл – жауапкершілікке тәрбиелеудің, еңбек құндылығын түсінудің алғашқы баспалдағы. Жазғы жұмыстың жастар үшін тағы бір маңызды тұсы – тәрбие мен тәжірибе. Қызмет көрсету саласындағы жұмыс көп еңбекті, мықты жүйке мен жауапкершілікті талап етеді. Тұтынушының көңілінен шығу, уақытпен санасу, ұқыпты болу – мұның бәрі адамның бойына кәсіби әдет қалыптастырады. Мұндай қасиеттер жасөспірім кезеңде бойға сіңсе, ертеңгі күні өмір жолында үлкен көмек болатыны сөзсіз.

Ең дұрысы – ата-ана мен баланың бірлесіп шешім қабылдауы

Бір жағынан ата-аналар да баласының еңбектеніп, тіршіліктің дәмін татқанын қалайды. Бірақ кейбір ата-аналар жасөспірімнің демалыста толық тынығып, келесі оқу жылына күш жинағанын да дұрыс көреді. Бұл – орынды пікір. Өйткені, үздіксіз оқу мен жұмыстың ортасында демалыссыз жүру – баланың психологиялық, физикалық

шаршауына әкелуі мүмкін. Сондықтан ең дұрысы – ата-ана мен баланың бірлесіп шешім қабылдауы. Жұмыс істеуге рұқсат беру барысында жұмыс орнының қауіпсіздігіне, заңдылығына және жұмыс уақытының қалыпқа сай болуына назар аудару қажет.

Кейбір ата-аналар баласының жұмысқа ерте араласуын ауыр қабылдауы мүмкін. Алайда, еңбек ету – ұят нәрсе емес, керісінше адамның өмірлік мектебінің бір бөлігі. Әсіресе, қазіргі заманда, нарық заңымен өмір сүріп жатқан қоғамда ерте жастан еңбекке араласу – өмір сүрудің нақты шарттарының бірі. Мұны жастар да жақсы түсінеді. Жазғы демалысты бос өткізіп, уақыт жоғалтқаннан гөрі, бір кәсіптің қыр-сырын үйреніп, қаражат тауып, болашақ өмірге дайындалу олар үшін маңызды. Сонымен қатар, мұндай еңбек жаз бойы жатып демалғаннан да көбірек нәрсе үйретеді: өзін-өзі ұстау, адамдармен тіл табысу, нақты міндеттерді орындау, уақытты жоспарлау – мұның бәрі өмірлік дағдылар. Бір күндік табыстың артында үлкен еңбек, шыдамдылық және болашаққа деген сенім жатыр.

Қоғамның көзқарасы мен қолдауы маңызды

Жастардың еңбекке ерте араласуы тек отбасылық шешім емес, бұл – қоғамның да назарында болуы тиіс мәселе. Жастардың еңбек етуге ниеті болса, оларға заңды, қауіпсіз жұмыс орындары ұсынылуы тиіс. Қазір кейбір жұмыс берушілер тарапынан жасөспірімдердің тәжірибесіздігін пайдалану, жалақысын кешіктіріп беру, 1-2 күн тәжірибеден өтесің деп, жұмыс атқарғаннан кейін жұмысқа қабылдамау сияқты келеңсіз жағдайлар орын алып жатады.

Мұндай олқылықтар жастардың еңбекке деген ынтасын жойып, әділетсіздікке душар етуі мүмкін. Сондықтан жастардың жазғы жұмысын қолдай отырып, олардың еңбек құқығын қорғау да маңызды.



(Сурет ЖИ).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрбақыт ЖАЛҒАСҰЛЫ, студент:

Әр тиынның артында қанша еңбек тұрғанын түсіндім

Жасым жиырмада. Пицца орталығында аспазшымын. Жазғы демалысты тек ұйықтап, телефон шұқылаумен өткізгім келмеді. Өз-өзіме: «Бір пайдалы іс таппасам, уақыт босқа кетеді», – дедім. Достарым пицца жасайтын орынға жұмыс ұсынғанда бірден келісіп, сынап көруге бел будым. Алғашқы күндері қиындау болды: ыстық пеш, тез қимылдау, нақты өлшеммен жұмыс істеу – бәрі назар мен төзімді талап етеді. Бірақ бір аптадан кейін-ақ үйренісіп кеттім. Қазір өзіме сенімдімін: ең мықты пицца жасаушылардың бірімін десем, артық айтқандық емес. Жалақымды екіге бөліп жұмсаймын – бір бөлігін оқу құралдарына, екіншісін өз қажеттілігіме. Бұрын ақша оңай келеді деп ойласам, қазір әр тиынның артында қанша еңбек тұрғанын түсіндім. Өз еңбегіммен тапқан қаражаттың дәмі де, қадірі де бөлек екен.

Нұрсұлтан АМАНТАЙҰЛЫ, 19 жаста, курьер:

Күн сайын өз қажетімді өзім жаба аламын

Курьер болу – жеңіл жұмыс емес. Таңнан кешке дейін қозғалыстасың, кейде ыстық күнде, кейде жауын астында тапсырыс апарасың. Бірақ бұл маған ұнайды: біріншіден, физикалық белсенділік – денсаулыққа пайдалы, екіншіден, қаланың әр бұрышын танып, түрлі адаммен тіл табысуды үйреніп келемін. Тұрақты табыс болмаса да, күн сайын өз қажетімді өзім жаба аламын. Ең маңыздысы – ата-анама салмақ салмай, қажет кезде көмек көрсете алатыным. Бұл – мен үшін мақтаныш. Өз бетіммен еңбек етіп, бірте-бірте өмірге бейімделіп келе жатқанымды сеземін. Осы тәжірибе маған ертеңгі күнге сеніммен қарауға көмектеседі.



МОНИТОРИНГ

ТАЗААЛЫҚ ПЕН ҚАУІПСІЗДІК талапқа сай ма?




құралған ведомствоаралық топтың қатысуымен «Kanikul land», «Альтаир», «Jellyfish CAMP» лагерьлеріне рейд жұмыстары жүргізілді.

– Ата-ананың балалары үшін қалай уайымдайтынын түсінеміз. Ведомствоаралық топпен үш лагерьге мониторинг жасау барысында «Kanikul land» лагерінің аумағы ашық екеніне көз жеткіздік.

Айнала толған құраған ағаш пен құлаған бұталар. Санитарлық жұмыстар жүргізілмеген. Екінші лагерьдің аумағы әдемі. Бірақ ішіндегі төсеніштер мен жиһаздар тозған әрі денсаулыққа тікелей қауіп төндіреді. Үшінші лагерь «Jellyfish CAMP»-тың жан-жағы қоршалған, санитарлық талаптар мен қауіпсіздік шаралары ескерілген, – деді Алматы қалалық қоғамдық кеңесі Білім комитетінің төрағасы Рафаэль Гасанов.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



АТА-АНАЛАР НЕ ДЕЙДІ?

Айдар АЛТЫНШАШ,
көпбалалы ана:

– Жетісу ауданының ата-аналарына «Kanikul land» балалар лагері ұнайды. Біріншіден, мұнда концерттік бағдарламалар мен ақпараттық іс-шаралар өзгеше. Екіншіден, адам саны аз, 100 оқушыны ғана қабылдайды. Іздесең, бүкіл жерден ілік табуға болады. Тіпті, баланы төрт қабырғаның ішіне қамап ұстасаң да, бір жерден сүрініп немесе жығылып қалуы әбден мүмкін. Менің ойымша, бұл лагерьде бала қараусыз қалады деп ойламаймын. 300 баланы қарағаннан гөрі жүз балаға бақылау жасау ыңғайлырақ. Балаларға ақша төленетіндіктен, лагерьді таңдау құқығы ата-анаға берілсе деймін. «Альтаир» да жақсы лагерь, бірақ адам саны өте көп.

Кенжегүл ГУЛАЛИЕВА,
көпбалалы ана:

– «Kanikul land» балалар тынығатын жер емес, мүлде жағдай жасалмаған. Лагерьдің жан-жағы қоршалмаған, ағын су болса ағып тұр. Ертең баланың қауіпсіздігіне кім жауапты болады? Медеу ауданының ата-аналарына «Альтаир» лагері ұнады. Қаражат жылына бір-ақ рет бөлінгеннен кейін балалардың жақсы жерге барғанын қалаймыз. Балаларымызды үш жыл қатарынан жазғы сауықтыру лагеріне жіберіп жатқан қалалық әкімдікке рахмет айтамыз.

Татьяна АЛЕКСЕЕВНА,
Жетісу ауданының тұрғыны:

– «Kanikul land» лагері қауіпсіздік талаптарына мүлдем сәйкес келмейді. Біріншіден, ешқандай қоршау да, жөні дұрыс күзет те жоқ. «Альтаир» деген екінші лагерьдегі бассейн менің балама ұнады. Баскетбол, футбол ойнауға арналған үлкен аумақ та бар екен. Үшінші «Jellyfish CAMP» та жаман емес, барлығы мұнтаздай тап-таза. Сондай-ақ, сурет салу, робототехника арқылы балалардың ой-санасы дами түседі. Баламды «Jellyfish CAMP»-қа әкелер едім.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жанар ҚУАТБЕКОВА,
«Jellyfish CAMP» балалар сауықтыру лагерінің директоры:

БАЛАЛАРҒА ЕСІГІМІЗ АШЫҚ

Лагерьдің ашылғанына 4 жыл болды. Ал мен бұл салада 15 жылдан бері жұмыс істеп келе жатырмын. Бізді таңдағандар үшін есігіміз әрдайым ашық. Ал кейбір ата-аналарға ұнамасақ, балаларын Алматыдағы басқа лагерьлерге жіберсін. Қазір бізде 6–15 жасқа дейінгі 214 бала демалып жатыр. Өткенде қатты жел болғандықтан, бүкіл Қапшағай қаласында жарық өшіп қалды.

Сөйтіп, лагерьімізде жарық болмады. Бізді әлеуметтік желілерге салып, жағымсыз пікір қалыптастырған адамдарды сотқа бердік. Енді бұл адамдармен сот тәртібі бойынша айналысатын боламыз.

6 ШІЛДЕ – ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИ

Төлқұжаты

Қазақ пен домбыра – егіз ұғым. Шілденің алғашқы жексенбісінде Ұлттық домбыра күнін тойлаймыз. Демек, биыл бұл мереке 6 шілдеде атап өтіледі. Осынау айтулы күн қарсаңында мегаполистегі А.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада «Домбыра – қазағымның қазынасы» деген тақырыппен жақсы бір рухани кеш өтті.

Нұржамал
ӘЛІШ

Ұлттық өнерімізді ұлықтауға арналған іс-шараға домбыра жасаудың шебері Дәулетжан Үсенов, дәстүрлі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұржан Жанпейісов және танымал әнші Сандуғаш Стамғазиева қонақ болып келді.

Меймандар қастерлі домбырасын көтере келіп, қонаққаде ретінде ән-жырдан шашу шашты. Кешке жиналған жастарға, Ұлттық ұланның Алматыда орналасқан Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімінің сарбаздарына үкілі домбыраның шығу тарихы, оның қасиеті мен киесі, дәстүрлі әндердің ұрпаққа берер тағылымы, Ұлттық домбыра күнінің мән-маңызы жайында әңгіме тиегін ағытты.

Әнші-күйшілерді көгілдір экраннан жиі көреміз ғой. Осы ретте ұлттық аспабымызды насихаттап жүрген шебер Дәулетжан Үсенов туралы бірер сөз айта кетсек орынды болар. Алматы көркем-сурет училищесінің, Абай атындағы педагогика университетінің түлегі. Қазақ радиосында дыбыс режиссері болып жұмыс істеген. 2013 жылы Италияда, 2014 жылы Түркия мен Польшада, 2015 жылы Венгрия және Тараз, Астана қалаларында жеке көрмесін өткізген. «Қазақ хандығының 550 жылдығы», Біріккен Араб Әмірліктері және «ЭКСПО–2017» халықаралық көрмелеріне қатысқан. Қоңыр үнді домбырамызды жасауды 1986 жылдан қолға алыпты. Шебердің қолынан шыққан аспаптар бүгінде еліміздің барлық өңіріне, сонымен қатар Италия, Франция, АҚШ, Ресей, Татарстан, Моңғолия, Иран сынды мемлекеттерге таралған.



МЕЙМАН МІНБЕРІ



Дәулетжан
ҮСЕНОВ,
домбыра жасаудың
шебері:

**РУХАНИ
СЕРІГІМ,
ДОСЫМ**

Домбыра – қазақтың рухани төлқұжаты деп әспеттесек, артық емес. Күмбірлеген қоңыр домбыраның үні бағзы замандарда батырларымызға рух, ақындарымызға шабыт берген. Ол – қазақтың болмысы, қазынасы. Мен осынау қос ішекті қасиетті музыкалық аспаппен дос, рухани серік болғанымды мақтан етемін әркез. Қолымнан, жүрегімнен шыққан талай домбыраның талай шаңырақтың төрінде тұрғанын, талай әншімен бірге киелі сахнаға шығып жүргеніне де қуанамын.

Әкем мүсінші болған кісі. Жетінші сыныпта оқып жүргенімде әкемнің маған домбыра жасап бергені бар. Сол домбыраны ағаштан қалай жонығаны, сүргені, кептіргені, шанағын қалай шапқаны, мойнын қалай қондырғаны, ұңғысын қалай шығарғаны, бет тақтайын қалай жапқаны, бәрі-бәрі көз алдымда болды ғой.

Сексен алтыншы жылдан бері домбыра, қобыз жасаймын. Ол тұста музыка аспабын жасау үшін материал табу қиын болатын. Ал қазір ақшаңыз болса, кез келген материалды табасыз. Бүгінде экзотикалық, тропикалық ағаштарға көштім, солардан жасаймын домбыраны. Себебі, олардан жақсы домбыралар туындайды. Ал жақсы жасалған аспаптың үні де әдемі болады. Домбыра заманға қарай жетілдіріліп, түрлендірілгенімен, балаларымыздың бағзы замандардағы үнін, ұлттың үнін бояуын жоғалтпай жеткізіп отыруы керек.



Нұржан
ЖАНПЕЙІСОВ,
дәстүрлі әнші:

**ҒАСЫРЛАР
ҚОЙНАУЫНАН
ЖЕТКЕН
АМАНАТ**

Домбыра – бізге ғасырлар қойнауынан жеткен аяулы аманат. Қазақтың ұлт болып сақталып қалуына, оның әдет-ғұрпы, салт-санасын дәріптеуде домбыраның үлесі өте үлкен.

Бұрынғы шеберлер ешкінің ащы ішегін иіріп отырып жасаған домбыраның пернесін. Соны қазір мына отырған Дүйсенбек ағаларымыз заманына қарай, көне үнін жоғалтпай, жетілдіру үстінде. Тіпті, қазір электронды домбыралар шығып жатыр. Құлаққаппен тыңдауға болады екен. Иә, ол күн өткен сайын, уақыт өткен сайын жетілдіріліп жатыр. Бұл қуанарлық жағдай. Дегенмен, домбыраның өзіне тән табиғи қоңыр үні, этнодыбысы жоғалып кетпеуі, сақталуы керек.

Қазір домбыра арқалаған қыз-жігіттер, жастар қаулап өсіп келе жатыр. Кейінгі буынның өнеріне сүйсіне құлақ түріп отырамын. Байырғының даласы боздап қоя бергендей, бұрынғының үні бүгінге жетіп жатқандай әсерленіп кетемін. Бұл атадан – балаға, ұстаздан шәкіртке аманат ретінде жалғасып келе жатқан дәстүр десек, қателеспейміз. Өнерді қастерлей білетін сәулелі жастарға әркез тілекшімін.



Сандуғаш
СТАМҒАЗИЕВА,
белгілі әнші:

**ӘР ҮЙДЕН
ДОМБЫРА
ІЗДЕЙТІН
ӘДЕТІМ БАР**

Қазақтың әр үйінде домбыра тұрғанын дұрыс көремін. Ол тек әдемілік, сән үшін тұрмай, сол домбырада күй тартып, ән айтылып, күмбірлеп тұрса деймін. Қазір «Алатау» дәстүрлі өнер театрында ірі спектакльдер қойыла бастады. Бәріне дерлік осы домбыра міндетті түрде енгізілген. Алматы мектептерінде де домбыра үйірмесі көптеп ашылууда. Оған қызыға барып жүрген бала саны да көбеюде, соны байқап жүрмін. Көшеде домбыра құшақтап кетіп бара жатқан жеткіншектерді көріп қуанып қаламын. Демек, ата-анасы да пейілді деген сөз.

Иә, қай үйге барсам да, төрінен домбыра іздейтін әдетім бар. Бірде ауқатты тұратын үйде қонақта болдым. Ұлт жанашырымын деп жүрген азаматтың шаңырағынан домбыра көре алмадым. «Домбыра деген қазір тым қымбат қой» деген уәж айтты. Ал астындағы темір тұлпарының бағасын айтпай-ақ қояйын. Жүрегі қазақ деп соғып тұрған әр азамат төрінде үкілі домбыраның ілініп тұруына мән бергені дұрыс деп ойлаймын.

Көп жерде өзімнің домбырамды көтеріп жүремін. Барған жерде ән-жыр айтқанда, сол үйдегі баланың құлағында қалсын деймін.

Сол домбыраны жерге қоймай, шаң тигізбей мәпелеп, тіпті қыста жылылап орап алып жүреміз. Ол – біздің кешегі тарихымыз, бүгінгі тәліміміз, ертеңге – аманатымыз.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ТУҒАН ЖЕР – ТҰНҒАН ТУРИЗМ

Десек те, баға мен сапа арасындағы алшақтық
саяхатшылар мүмкіндігін шектеп отыр

Қазақстан – табиғаты көркем, географиясы бай, тарихи-мәдени мұрасы мол ел. Әлемдік туристік нарықта да өзіндік орны бар. Соңғы жылдары ел ішіндегі саяхатқа сұраныс едәуір арта түсті. Бұған бір жағынан геосаяси ахуал мен халықаралық рейстердің тоқтауы себеп болса, екінші жағынан – отандастарымыздың туған жердің сұлулығына қайтадан қызығушылық таныта бастауы себеп.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫІШКІ САЯХАТҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ
АРТЫП КЕЛЕДІ

2025 жылдың алғашқы тоқсанында Алматы қаласына келген туристердің саны 496 944 адамды құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,9%-ға жоғары. Оның ішінде 145 мыңнан астамы – шетелдік туристер, бұл көрсеткіш те 18%-ға артқан. Үндістан, Қытай, Түркия, Малайзия және Біріккен Араб Әмірліктерінен келген саяхатшылар Алматыны ерекше көркем әрі тартымды қала деп бағалап отыр.

Бүгінде мегаполистің әлемдік деңгейдегі беделі де артып келеді. CNN халықаралық медиа платформасы Алматыны 2025 жылдың үздік туристік бағыттарының бірі ретінде атады. Ал Booking.com сайты Алматыны әлемдегі ең танымал қалалар тізіміне қосты. Мұндай баға қаланың ғана емес, жалпы ел туризмінің даму қарқынының көрсеткіші екені сөзсіз.

Қазақстанның табиғи-туристік әлеуеті тек Алматымен шектелмейді. Көлсай көлдері мемлекеттік ұлттық табиғи паркі соңғы жылдары ішкі туризмнің нағыз орталығына айналды. 2024 жылғы жаз маусымында паркке 400 мыңға жуық адам келген болса, биыл тек маусым

САУАЛНАМА:

«СІЗ БИЫЛ ҚАЙДА ДЕМАЛУДЫ
ЖОСПАРЛАП ОТЫРСЫЗ?»Гүлнұр ӘЛИХАНҚЫЗЫ,
32 жаста, ұстаз:

– Бұрын шетелге жиі шығатынбыз. Биыл шекаралар мәселесіне байланысты отбасымызбен Көлсайға баруды жоспарлап отырмыз. Табиғаты әдемі, экологиялық таза орын. Достарымыз жақында барып қайтты. Табиғатына тамсанып келді. Маған су ішінде өсіп тұрған қайыңдарды көру қызық болып тұр.

Данияр БЕКЖАН,
28 жаста, IT маман:

– Мен үшін экотуризм маңызды. Достарыммен бірге Марқакөл жаққа жорыққа шығамыз. Шетелді аңсамай-ақ, өз еліміздің бай табиғаты жеткілікті.

Айзада ТӨКЕНҚЫЗЫ,
41 жаста, кәсіпкер:

– Балалармен бірге Ақтауға жол тартамыз. Каспий жағасында шомылып, Бозжыра шатқалын көру – армандарымның бірі. Шетелді көрген жақсы, әрине. Бірақ «сөйлей» алмай қор боласың. Ол жаққа да барған дұрыс. Бірақ бәрібір өз еліңе жетпейді...

2025 жылдың алғашқы
тоқсанында Алматы қаласына
келген туристердің саны

496 944

Оның ішінде шетелдік
туристердің саны

145 000 адам

Көлсай көлдері мемлекеттік ұлттық
табиғи паркі соңғы жылдары ішкі
туризмнің нағыз орталығына айналды

2024 жылғы

жаз маусымы

400 000
адам

2025 жылғы

тек маусым айы

200 000
адам

Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

● МАМАН ПІКІРІ

Сәуле ЖАНАТҚЫЗЫ,
туризм саласының сарапшысы, PhD:

– Әлемдегі тұрақсыз жағдайлар адамдардың саяхаттау әдетіне өзгеріс әкелді. Енді туристер қауіпсіздікке көбірек мән береді. Осы орайда ішкі туризм дамып келеді. Бұл – өте жақсы үрдіс. Қазақстанның табиғаты ерекше, әрі әр өңірдің өзіндік мәдениеті мен табиғи көріністері бар. Біздің міндетіміз – инфрақұрылымды жақсартып, сервисті көтеру. Халықтың өз еліне деген қызығушылығы – ішкі туризмнің басты қозғаушы күші.

айында 200 мыңнан астам турист демалды. Бұл – көрсеткіштің екі есе артқанын білдіреді. Парк директорының орынбасары Хамит Ахметовтің айтуынша, туристердің көбі Үндістан мен Қытайдан келуде. Жергілікті билік 68 миллион теңге бөліп, жаяу жүргіншілер жолдары мен жаңа пирс салып, ақпараттық тақталар орнатып, демалушыларға ыңғайлы жағдай жасап жатыр. Маманның сөзіне сенсек, инфрақұрылым толық жаңартылса, Көлсай мен Қайыңды жылына 600–700 мың туристі қабылдауға қауқарлы көрінеді.

Бурабай, Алакөл, Шарын шатқалы, Түркістан, Ақтау, Бұқтырма, Марқакөл сияқты өңірлік туристік бағыттар да ел азаматтары мен шетел қонақтарының қызығушылығына ие. Мәселен, Алакөлдің минералға бай суы мен ауасы тері және тыныс жолы ауруларына шипа. Ақтаудағы Бозжыра, Каспий жағалауы, Қапшағай маңы – экотуризм мен жағажай демалысының үлгісі.

ТАБИҒАТЫ ТАМАША, БАҒАСЫ
ҚЫМБАТ

Саяхат үшін туған жердің табиғаты көркем, бағыттары жеткілікті. Алайда, ішкі туризмде шешілмей келе жатқан басты мәселе – қызмет құнының шектен тыс қымбаттығы. Бұл қарапайым халықтың ішкі туризмге деген қызығушылығын төмендетпесе арттыра қоймасы анық. Мәселен, Бурабайда 2 ересек пен 1 баланың үш күн демалуына 687 000 теңге қажет. Бұл сомаға тіпті таңғы ас кірмейді. Ал дәл

осы уақытта Дубайға дәл осындай құраммен сапар 710 957 теңге тұрады. Бұл пакетке ұшак, қонақүй, тамақ, трансфер мен сақтандыру да кіреді. Тіпті, кейде жолдамаларға жеңілдіктер де беріледі екен. Сонда қайда бару тиімді?..

• Туризм ауқаттыларға арналған элиталық қызмет болмауы керек. Ол – баршаға қолжетімді қоғамдық демалыс форматына айналуы тиіс.

• Бұл салада оң өзгерістер де бар. Жол салынып жатыр, туристік ны-

сандар жаңартылуда. Алайда, жеке демалыс орындары мен қонақүйлердің баға белгілеуіне бақылау жоқтың қасы. Әркім өз білгенінше баға қояды, ал сапа тұрақты болмай тұр.

Қарапайым халық үшін жаз мезгілі әрі үйін жөндеп, әрі балаларын қыдыртатын жалғыз мүмкіндік. Алайда, демалысқа қажетті қаржы шарықтап тұрған соң, көпшілік арнайы жабдықталмаған, қауіпсіздік талаптары сақталмаған су жағалауларында демалуға мәжбүр. Өкінішке қарай, мұндай орындарда қайғылы оқиғалар жиі кездеседі.

Сөздің ашығы, халық демалғанда ең алдымен қауіпсіздікке, қолжетімділікке және қызмет сапасына мән береді. Бұл үшін туризм инфрақұрылымы жан-жақты дамуы қажет-ақ. Жол, санитария, баға саясаты, қызмет көрсету мәдениеті, міне осылардың барлығы өзара байланысты дамуы тиіс. Бізде тамылжыған тамаша табиғат бар. Енді соған лайықты жағдай болса дейміз... Әйтпесе, баға мен сапа арасындағы алшақтықтың кесірінен азаматтар ішкі туризмнен үміт үзіп, амалсыздан қолайсыз бағыттарға бет бұруы жалғаса береді..



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТҮЙІН:

Туризм – туған жерді танудың ең әдемі жолы. Бірақ қазіргі баға саясаты қарапайым жұрттың демалыс мүмкіндігін шектеп отыр. Егер расымен отандық туризмді дамытқымыз келсе, ең алдымен қызмет құнын халықтың қалтасына сай етуіміз керек. Сонда ғана ел ішіндегі саяхат серпін алып, экономикалық пайдамен қатар, ұлттық бірегейлік те артады. Өз елімізде өз тілімізде демалып, өз табиғатымыздан ләззат алу – ең үлкен байлық емес пе?! Сіз, қалай ойлайсыз, оқырман?!

ОЙТҮРТКИ

ДӘСТҮР МЕ, ӘЛДЕ БӘСЕКЕ МЕ?

Бүгінгі той–томалақ шоуға айналып барады

Қазақ қашан да той десе, елең ететін халық. Расында да, қуаныш атаулының ең басында – той тұрады. Бірақ қазіргі тойдың жүгі мен жүру бағыты бұрынғыдан мүлде бөлек. Бүгінде той – салтты сақтау емес, сән мен бәсекенің алаңына айналып бара жатқандай.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

«Қатардан қалмайық» қағидасы

Базар мен қызмет бағасы күн санап шарықтап, қарапайым халық тұрмыстың қиындығын сезініп отырғанда, қымбат мейрамханаларда өтетін тойлардың саны азаймақ түгілі, тіптен артып келеді. Әркім өз шамасына емес, елдің сөзіне, жұрттың көзіне қарап той жасағысы келеді. «Басқа тойды тойлама-саң тойлама, екі жастың бақыт тойы тойлан-сын» деген ұран санаға сіңіп алғандай. Не болса да, баламыздың қуанышын дүркіретіп өткізіміз келеді. Қолда бар қаржыны жеткізбесек, несие аламыз. Тіпті, той үшін дүние-мүлкін сатып жіберетіндер де табылады. Баяғыда қазақ тек сенбі-жексенбі күні той жасаса, бүгінде аптаның қай күні болмасын мейрамхана бос емес. «Үйлену оңай, той жасау қиын» деген сөздің салмағы ешқашан бұлай ауыр болмаған шығар. Бір күндік қуаныш үшін жылдар бойы қарыз өтеп жүргендердің қатары көбейіп келеді.

Той – шын ниетпен, ақжарма тілекпен жасалса, ол әркез береке әкелмек. Бірақ қазіргі кейбір тойлар жақындардың басын қосып, қуанышты бөлісуден гөрі, дабыра жасап, барын көрсетуге, мақтануға айналып бара жатқанын несіне жасырайық? Кейде осы бір «қатардан қалмайық», «асып түсейік» деген көзқарас – өзімізге де, ұрпағымызға да ауыр жүк болып жатқан жоқ па? Салтқа адал болайық деп, сәннің құрбаны болып кетпейік. Тойдың түп мәні – шын жүректен шыққан қуаныш пен алғыс. Сол қалпын жоғалтпаған абзал.

Қазір той өткізу бәсекеге айналған. Бір той екіншісін қайталамауға тиіс. Ақылдасу барысында еститін наразылықтың бірі – «ой, оны ана тойда жасады ғой, біз басқаша істеуіміз керек...» деген тұжырым. Сол себептен де, қазақтың тойында күн сайын жаңа нәрсе пайда болуда. Ал оған кететін шығын да сәйкесінше көп. Қаржының көбі осындай ұсақ-түйек дүниеге кететіні тағы бар.

Шын мәнінде, той өткізуге қанша қаражат жұмсалады? «Тойдың болғанынан боладысы қызық» демекші, той әбігері мейрам-



Суреттің авторы: Саят СЕРІКБАЙҰЛЫ

хана таңдаудан басталады. Баға әр қалада әртүрлі. Мәселен, Алматыда қарапайым мейрамханалардың ең төменгі бағасы адам басына – 10–15 мың теңге. Бірақ мұндай бағада қызмет көрсететін орынды табу үшін біраз табаныңыздан таусылуға тура келеді. Тапсаңыз да, қаланың шет жағында, көзден тасалау, көлік қозғалысынан жырақтау жерде орналасқан мейрамханаға той жасауды көңіліңіз қалай қоймайтыны анық. Қалтаңыз қампиған болса, адам басына 100 доллар төлейтін тойханалар да көштен қалған емес. Байыған қазақтың көбі тойхана салу бизнесіне көшіп алған. Еліміздің әр қаласында қадам аттап басқан сайын тойхана болса да, баға да жылдан-жылға шарықтауда. Оның үстіне, халқы тығыз қоныстанған өңірлерде той жасайтын жұрт көп.

Ұзатудың өзі – кішігірім той емес, нағыз үлкен салтанат

Тойхана мәселесі шешілген соң, қыз жағы ұзатудың, ал жігіт жағы үйлену тойының қамына кірісетіні белгілі. Қазір ұзату кешінің өзі кәдімгідей бір үлкен тойға айналып кеткен. Көп жағдайда ұзатуға кететін шығын үйлену тойынан еш кем болмайды, тіпті асып түседі. Алдымен қыздың жасауын әзірлеуден басталады. Ұзатуда кем дегенде 200–300 адам шақырылады. Орта есеппен бір қонаққа кететін шығын – 10–20 мың теңге.

Мәселен, 200 адам шақырсаңыз,

20 мыңнан есептегенде, тек қонаққа ғана 4 миллион теңге шығады. Оған қоса, қыз жасауын қосыңыз. Ал құдаларға киіп апару, алтын тағып, кәде жасауға тағы бір миллион жұмсалатыны бар. Бұлардың сыртында асаба мен тойбастар, безендіру мен техникалық қызмет те кіреді. Ұзатылатын арудың өзін дайындаудың жыры бір бөлек. Қазір сұлулық салонынсыз той жоқ. Қыздар жасанды кірпік пен қассыз, кәсіби макияжсыз ұзатылмайтын заман туды. Бұл күні әрбір бойжеткен өзінің ерекше, көз тартарлықтай әдемі болғанын қалайды. Бірақ дәл осы күн үшін жалға алынатын көйлектің өзі 100 мыңнан 500 мың теңгеге дейін барады.

Әрине, қызын ұзатып, отау құрып жатқанда шығындану қалыпты жағдай. Дегенмен, кейде осының өзі шамадан тыс секілді көрінеді. «Баяғыда алып қашу салты жақсы еді, сонда қыз жағы мұншалықты шығындалмайтын. Қазір ше? Ұзатудың өзі үйлену тойымен теңесті» деген пікірлерді айтатындар бар. Дегенмен, «қызым – қонағым» деген қазақпыз. Қызының бақыты үшін барын беруге дайын ата-ана бұл күнді тек шығын деп емес, ұрпағының жаңа өмірге қадам басқан сәті ретінде қабылдайды. Бүгінгі қоғамда

ұзату – салт пен сәннің, парыз бен қалаудың ортасындағы нәзік бір өткел сияқты.

Қуанышқа себеп көп, ал шығын одан да көп...

Ендігі кезек – негізгі тойда. Ұзатудан соң, нағыз дүрмекті дайындық үйлену тойымен жалғасады. Мейрамхана таңдау, шақыру билеттерін әзірлеу, қонақтардың тізімін жасау, әнші мен асаба келісіміне дейінгі бүкіл шаруа – түгел ата-ананың иығына түседі. Ұзатуда кеткен шығын бұл жолы да жалғасады. Мұның әр бөлігіне жеке тоқталмасақ та, қазіргі той көрген жұрт шамасын жақсы біледі. Тойдың салтанаты мен сәні өз алдына, қонақ күту – үлкен міндет. Ал сол міндеттің соңғы нүктесі – тойбастар. Қонаққа таратылған тойбастарсыз той тарқайтын үрдіс қалыптасты. Бұрын қоржын ерте ұсынылатын еді, қазір көпшілігі тойдың соңына таяу таратуды жөн көреді – қонақтар естен шығармай алып кетсін деген ой.

Дегенмен, тойбастарың тойдан артық болмаса, кем түспеуі керек деген түсінік қалыптасқан. Ал оның ішіне салынатын заттардың көбі сырт көзге ұсақ-түйек көрінгенімен, той иесінің қалтасына салмақ салатыны анық. Айтылған мәселе тек ұзату мен үйлену тойына ғана қатысты емес. Бүгінде нәресте дүниеге келсе – шілдехана, бесікке салса – бесік той, аздап ес жинаса – тұсаукесер... Қуанышқа себеп көп, ал шығын одан да көп. Бұрын мұндай салт-жоралғылар шағын аяда жақын-жуықтың арасында атқарылса, қазір әрқайсысы кішігірім тойға айналған. Тіпті, соңғы кезде ересектердің туған күндері де салтанатты түрде атап өтілетін болды. Әйел адамдардың 50, 60, 63 жас мереитойлары мейрамханада дүркіреп өтіп, арнайы әнші шақырып, шоу жасауды дағдыға айналдырғандар аз емес.

Бір күндік қуаныш үшін бірнеше жыл банкке қарыз арқалап, несие төлеуге тура келетіндер көбейіп барады. Мұның бәрі «жұрттан қалмайық», «ел не дейді?» деген көзқарастың құрбанына айналған қазақтың өз қолымен жасаған қиындығы іспетті. Сонда да болса, «барымыз тойға жұмсалсын» деп жұбаныш табатын да, «қалжырасақ, тойдың қамымен қалжырайық» деп бір-бірімізге дем беретін де – өзіміз. Қайтеміз енді, қанға сіңген салт, көңілге орныққан қасиет. Қазақпыз ғой...

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бұлбұл КӘПҚЫЗЫ, этнограф:

Ұлттық арнаға бұруымыз керек

Қазіргі таңда той өз мәнін жоғалтып барады. Қазақ үшін той – қуанышпен бөлісудің, игі тілектің, ұрпақ тәрбиесі мен рухани сабақтастықтың айнасы еді. Ал бүгінде бұл жарысқа айналды. Біреу сәнді мейрамханада өткізсе, келесісі одан да сәндісін іздейді. Біреу 300 адам шақырса, екіншісі 400-ді жинауға тырысады. Қонақтардың көңілін табу үшін өнерпаздарды жалдап, өзінің әлеуметтік жағдайын, статусын көрсетуді мақсат еткен той көбейді. Осылайша ұлттық құндылықтар мен ритуалдық мәні екінші орынға сырғыды. Мысалы, келіннің сәлем салу рәсімінің өзі өзгеріп кеткен.

Бұрын келін екі жеңгесінің жетегінде, ұлттық киіммен, қазақы иба мен салмақпен шаңыраққа енсе, қазір сахнада ән айтып, би билеп тұрып сәлем салады. Бұл – шынайы дәстүрдің пародияға айналған түрі. Әрі әр қонаққа сәлем салдыру дұрыс емес. Келін тек әулеттің үлкендеріне, арнайы адамдарға иіліп сәлем салуы керек. Ал бүгінде бұл қасиетті рәсім де шоуға айналып кетті. Сол сияқты, кей тойларда назар қалыңдықтан да басқа жаққа ауып кетеді. Қалыңдықты көлеңкеде қалдырып, оның құрбылары, туыстары не бишілер одан асып сәнденіп, көзге түсіп жатады.

Бұл – келіннің қадірін кетіру, тойдың шынайы иесін ұмыт қалдыру. Кей адамдар несие алып, керемет той жасауға тырысады. Бұл – қолдамайтын жағдай. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген сөз бекер емес. Мысалы, тойбастарда қытайдың қажетсіз ұсақ-түйек сыйлықтарын тарату, шапан жабу рәсімінің де қадірін кетіру – осылардың бәрі дәстүрді формалдылыққа айналдырудың көрінісі. Шапан – абызға, ақсақалға жабылатын құрмет еді, қазір бір орамалдың құнындай болып қалды. Тіпті, қалыңмал мен ана сүті сияқты киелі ұғымдардың да мағынасы бұрмаланып барады. Кейде «әке күші» деген секілді қисынсыз нәрселер естиміз. Бұл – дәстүрімізді түсінбей қабылдаудың нәтижесі.

Қорыта айтқанда, қазіргі тойлардың көбі шынайы қуаныш емес, бір-бірінен асып түсуге бағытталған бәсекеге айналды. Біз ритуалдық, тәрбиелік, мәдени құндылықтарымызды сақтап қалғымыз келсе, тойдың мән-мағынасын қайтадан ұлттық арнаға бұруымыз керек.



Діріккөз: anattili.kazgazeta.kz

«ЖЕР ӨРТЕП ШЫҒАРҒАН АТЫҢНЫҢ НЕСІ МҰРАТ?»

Танымалдылық үшін заң бұзу – жауапкершіліктен босатпайды

Бүгінгі ақпараттық ғасыр заман өзгерісіне қарай жаңа жұмыс салаларын, жаңа мамандықтарды адам өміріне енгізіп келеді. Солардың бірі – блогер болу.

Әлеуметтік желілерді тиімді пайдаланып, көрермен назарын өзіне аударып, белгілі бір аудитория жинай алған азаматтар өздерін блогер санатына қосады. Олардың басым бөлігі табысты өмірін, жақсы тұрмысын көпшілікке көрсетеді. Сондықтан қазіргі қоғамда «блогер – бұл бай адам» деген түсінік қалыптасып келеді. Өз кезегінде бұл дәулетті өмірге ұмтылған жастардың камераға түсіп, ел алдында жүретін адам болуға деген құлшынысын арттырады. Алайда, осы күні халық назарын бірден өзіне аудара алмаған «бастамашыл блогерлердің» арасында «атың шықпаса, жер өрте» қағида-сын ұстанатындар көбейіп кетті.

- Күмәнді көріністі түсірмес бұрын немесе оған қатыспас бұрын салдарын ой елегінен өткізіңіз;
- Өмірде де, интернетте де өзгелердің сезімін, қауіпсіздігін және жеке шекарасын құрметтеңіз.
- Заңды сақтаңыздар және құқықтық жауапкершілікке әкелетін әрекеттерге бармаңыздар!

Бытыр алматылық блогер Әлішер Теменов желіде «Мұқағали Мақатаев – сорлы еркек» деп ұлы ақынға сөз тигізді. Бұл мәлімдеме ел ішінде үлкен дау туғызды. Кейін блогер Мұқағали ескерткішінің алдында бейнеүндеу түсіріп, ел алдында кешірім сұрады. Дегенмен, іс мұнымен тоқтамай ақиық ақынның ұлы Жұлдыз Мақатаев блогерді сотқа берді. Нәтижесінде Әлішер Теменовтің үстінен ҚР Қылмыстық Кодексінің 131-бабы (Қорлау) бойынша іс қозғалды. Наурыз-бай аудандық сотында қаралған іс жәбірленуші тарап пен айыпталушының татуласуына байланысты тоқтатылды.

Бұл оқиға бейбіт жолмен аяқталса, әлеуметтік желідегі хайп үшін жасалған тағы бір әрекет – қайғылы оқиғаға алып келді. Бытыр Алматы маңында «Сокол» автодромының аумағында бейнеролик үшін жүріп бара жатқан көліктен секірмек болған 22 жастағы жас жігіт қайтыс болды. Ол 45

жастағы жүргізуші басқарған көліктің астына түсті. Бұл оқиға бойынша полиция қылмыстық іс қозғады. Ал биыл маусым айында осы көлікті басқарған жүргізушіге сот үкімі шықты. Оған 1 жыл 6 айға бостандығын шектеу жазасы тағайындалды, сондай-ақ жәбірленуші тараптың пайдасына 5 млн. теңге өтеуге міндеттелді.

Әлеуметтік желіде қаралым санын көбейтуді мақсат еткендердің арасында заңға қайшы пранк жасау да белең алып келеді. Мысалы, Алматыда іс-әрекетін «әлеуметтік эксперимент» деп атаған блогер көше тазалап жүрген коммуналдық қызметкерлерінің алдына әдейі қоқыс тастап кетеді. Әрі қала тазалығын қамтамасыз ететін еңбек адамдарымен дөрекі сөйлеседі. Бұл бейнежазба тәртіп сақшыларының назарынан тыс қалған жоқ. Полиция бейнеролик авторын ұстап, ол сот қаулысымен 10 тәулікке әкімшілік қамауға алынды. Ал елордада пранк ұйымдастырған блогер Араш Гасанов жауапкершілікке тартылды. Блогер таныстарымен бірге лифтке беті жабық «өлген адамның денесін» кіргізіп, өздері кетіп қалады. Кейін кенеттен жарық сөніп, «өлген адам» оянып, лифттің жігітті қорқытады. Астана қаласының полиция департаменті блогерді 30 тәулікке, ал қасындағы адамдарды 15 тәулікке қамады. Ал Жамбыл облысында пранк жасамаса да, көрермен назары үшін қоғамдық тәртіпті бұзған адам жазаланды. Блогер супермаркет жарнамасын түсіру кезінде автокөліктің алдыңғы әйнегінен сындырып, адамдарды шошытқан. Ол 10 тәулікке әкімшілік қамауға алынды.

● ТҮЙІН:

Айтылған мысалдардан танымалдылық үшін заң бұзу – жауапкершіліктен босатпайтынын түсінуге болады. Мұндай әрекет кейде тіпті қайғылы оқиғамен аяқталғанының да куәсіміз. **Абай атамыз 29-шы қара сөзінде «Атың шықпаса, жер өрте» дейді. Жер өртеп шығарған атыңның несі мұрат?» деп айтып кеткен.**

Әрине, блогерлердің бәрі жаман деуден аулақпыз. Тек әр құрал дұрыс мақсатта пайдаланылса, ол қоғамға да, сол адамның өзіне де табыс әкеледі. Камераға қаланың лас жерлерін түсіріп, оны өзі жинап және өзгелерге үндеу жасап жүрген жас блогер – «Проект вирус» жобасының авторы Дулат Нәбиев осы ойымыздың жарқын мысалы.



күйзеліске ұшырайды. Ал орындаушылар өз өмірлерін қатерге тігеді.

Қоғамдық тәртіпті өрескел бұзатын, дүрбелең туғызатын немесе зиян келтіретін, сондай-ақ адамның арнамысын қорлайтын әрекеттер үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көзделген. Блогерлік пен камераға түсіру құқық бұзуға сылтау болмауы керек. Қатыгез пранктер мен қауіпті трюктер – бұл өнер емес, бұл – заңбұзушылық.

Біз осындай контент авторларына үндеу жолдаймыз: күмәнді көріністі түсірмес бұрын немесе оған қатыспас бұрын салдарын ой елегінен өткізіңіз; Өмірде де, интернетте де өзгелердің сезімін, қауіпсіздігін және жеке шекарасын құрметтеңіз. Заңды сақтаңыздар және құқықтық жауапкершілікке әкелетін әрекеттерге бармаңыздар!

Әзірлеген Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

● ЕҢБЕК АДАМЫ



ТӨЛЕУ АТА ӘУЛЕТІ сабыр мен сыйластықтың өнегелі мектебі

Адам баласының бұл өмірдегі ең үлкен бақыты – Аартына адал еңбек пен өнегелі із қалдыру. Аянбай еңбек етіп, жүрегінен төгілген мейіріммен ұл-қызын тәрбиелеген жанның ғұмыры ешқашан зая кетпейді. Өйткені, әке мен ананың бар болмысы – перзентінің ісінен, немересінің мінезінен көрінеді. Осындай шынайы бақыттың дәмінен татып отырған жандардың бірі – алматылық Төлеу Ағыбаев пен Рая Шоланбаева. Жарты ғасырдан астам уақыт бойы тізе қосып, бала-шағасын маңдай терімен тәрбиелеген ерлі-зайыптылар бүгінде немере-шөбере сүйіп, гауһар той қуанышын атап өтуде. Еңбекке адалдықпен, өмірге парасатпен қарап, бір шаңырақ астында алпыс жыл бойы сыйластық пен сабырды серік еткен қос жүректің ғибратты ғұмыры – баршаға үлгі.

Абыроймен өрілген ғұмыр

Кейіпкерлеріміз сонау 1965 жылдың 25 мамырында шаңырақ көтеріп, отбасылық өмірдің алғашқы парағын ашып, бір-біріне сүйеу, ұрпағына тіреу болды. Төлеу ата: «қиындығы мен қуанышы қатар жүрген күндер артта қалыпты. Біз бәріні бірге өткердік. Шүкір, енді соның шапағатын көріп отырмыз», – дейді өткен күндерді еске алып.

Төлеу Ағыбаев 25 жылға жуық агроном, ферма меңгерушісі, директордың орынбасары сынды жауапты қызметтерді абыроймен атқарды. Жер-Ананың тілін тауып, астықтан мол өнім алған тәжірибелі маман атанды. «Бабын білсең, дала да дархандық танытады» демекші, оның тынымсыз еңбегі мен маңдай тері Үкімет тарапынан жоғары бағаланып, Мәскеудегі Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесіне жолдама алады. Бұл сапарда жұбайы Рая апамен бірге Ленинград, Минск, Прибалтика қалаларын аралап, адал еңбектің шынайы құрметін сезініп қайтты. Жары Рая Шоланбаева апамыз 34 жыл ұстаздық қызмет атқарған, бірнеше буын шәкіртті тәрбиелеген парасатты педагог. «Ұстаз болу – білім беру ғана емес, әр баланың жанына жарық түсіру. Әр оқушы – жауапкершілік, сенім, болашақ», – дейді ардагер мұғалім. Ерен еңбегі үшін ол «Алтын алқа» мен «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған.

Бүгінде Төлеу ата мен Рая ана – үш ұл, төрт қыздан тараған 16 немере, 3 шөбере сүйіп отырған берекелі шаңырақ иелері. Балаларының барлығы Алматыда тұрып, түрлі салада еңбек етіп жүр. Әрқайсысы өз отбасын құрып, ата-ана үмітін ақтаған азаматтар.

Еңбек пен тәрбие әліппесі

Ата-ана үшін ұрпағының қамқорлығы көңіл толқытатын жәйт. «Балаларымыз алтын тойымызды дүркіретіп өткізіп берген еді. Енді міне, гауһар тойымызды да жасап, шетелге демалуға да жіберді. Араб Әмірлігі, Түркия, Қытай, Пәкістан, Мысыр елдерін араладық. Бұл – біз үшін үлкен сый, шексіз құрмет», – дейді Төлеу ата перзенттеріне алғыс айтып.

Балаларының құрметі мен қамқорлығына тебірене отырып ризашылығын білдірген Рая апамыз: «бала – Алланың аманаты. Біз ұрпағымызды адалдыққа, мейірімге, жауапкершілікке баулыдық. Қазір соның жемісін көріп отырмыз. Бұл менің аналық жүрегімнен шыққан шынайы қуаныш» – дейді. Үлкен әулеттің өмір жолы – сабыр мен сыйластықтың, еңбек пен тәрбиенің әліппесі іспетті. Төлеу ата мен Рая әжей – адал еңбекпен абырой тапқан, саналы ұрпақ өсіріп, бүгінде шөбере сүйіп отырған өнегелі ғұмыр иелері. Олардың жүріп өткен жолы – өздерінің отбасы үшін ғана емес, тұтас ел үшін де қадірлі тарих. Алпыс жыл отасып, гауһар тойға жеткен қос жүрек иесіне – мықты денсаулық, бақытты да баянды ғұмырдың жалғасуын тілейміз. Тойларыңыз құтты болсын!

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



КЕЗДЕСУ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ

Шаһарда студенттерді қолдау үшін дағдарыс орталығы құрылады

Алматы қаласының әкімі қаламыздағы жетекші жоғары оқу орындарының ректорларымен кездесіп, онда жаңа оқу жылына дайындық, жастар тәрбиесі, жатақханадағы жағдай, экологиялық білім беру және ғылымды дамыту мәселелері әңгімеге арқау болды. Шаһарда студенттерді қолдау үшін дағдарыс орталығы құрылатыны айтылды.

Қаланың жоғары зияткерлік әлеуетін қалыптастыру

Алматы – жастар қаласы. Себебі, мұнда еліміздің барлық жоғары оқу орнының үштен бірі шоғырланған. Дәл қазір қаладағы оқу орындарында 200 мыңнан астам студент оқиды. Сондықтан бұл көрсеткіш қаланың жоғары зияткерлік әлеуетін қалыптастырып, әрі қала билігінің жүйелі қолдауын қажет етеді.

– Біз әкімдік тарапынан студенттердің жатақханада тұрып оқуына жағдай жасауға тырысамыз. Ең бастысы, бәріміз бірге – әкімдік, жоғары оқу орындары мен қоғам жастарды тәрбиелеуге, олардың бойына еңбек мәдениетін сіңіруге, жауапкершілікті, қалаға деген құрметті қалыптастыруға тиіспіз. Сондай-ақ, Алматының ғылым арқылы дамуына ықпал ететін идеяларды іске асыру – біздің ортақ міндетіміз, – деді Дархан Сатыбалды.



Алматының түркі мемлекеттері жастарының астанасы мәртебесі

Кездесу барысында қала басшысы әкімдік жанынан ғылым және технологиялар жөніндегі Қалалық кеңестің құрылғанын, оның құрамына университет өкілдері кіретінін жеткізді. Жиында Алматының түркі мемлекеттері жастарының астанасы мәртебесіне ерекше назар аударылып,

жоғары оқу орындарының қолдауымен мәдени және білім беру іс-шаралары өтетіні туралы айтылды. Бұл тұрғыда қала басшысы «Мұндай мәртебеге ие болу жоғары құрмет пен үлкен жауапкершілік. Бұл миссияны бәріміз бірге лайықты жүзеге асыратынымызға сенімдімін», – деді.

Жоғары оқу орындарының ректорлары білім беруді жаңғыртудан бастап экологиялық бастамаларға қатысуға дейінгі мәселелер бойынша баяндама жасап,

ой-пікірін білдірді. Студенттік кампустардағы жағдайды жақсарту, инженерлік және педагогикалық білім беруді дамыту, жастардың халықаралық және қалалық жобаларға қатысуы жөнінде ұсыныстар да айтылды.

Студенттердің қалалық бастамаларға қатысуы – маңызды бағыт

Сонымен қатар, кездесуде студенттердің өмір сүру шарттары туралы да сөз болып, ол туралы жеке блокта талқыланды. Әкім жатақханалардың жағдайын тексерудің бірінші кезеңі басталғанын, екінші кезең тамыз айына жоспарланғанын жеткізді. Білім беру жұмысын ұйымдастыру және студенттердің қалалық бастамаларға қатысуы маңызды бағыт болып танылды.

Әкім студенттерге қолдау білдіретін дағдарыс орталығын, сондай-ақ қалада ахуалдық орталықты іске қосу жоспарлары туралы мәлімдей келе, бұл орталықтар студенттер өтінішіне дер кезінде назар аударып, әлеуметтік қатердің алдын алатынына тоқталды. Қала әкімі Дархан Сатыбалды сөзін аяқтай келе, «Студенттер қала өміріне атүсті емес, жүйелі түрде – сенбіліктен бастап қоғамдық бастамаларға дейін қатысуға кеңінен тартылуы керек. Сол кезде жауапты әрі белсенді ұрпақ қалыптастыра аламыз», – деп түйіндеді сөзін.

«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ»



«PROF-MARATHON» – болашақ кепілі

Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжінде «Prof-Marathon» атты жұмысшы мамандықтарының марафоны өтті.

Марафонға машина жасау, инженерия, байланыс, мемлекеттік корпорациялар, қызмет көрсету, ауыр өнеркәсіп-индустриясы салалары бойынша Алматының жетекші компанияларының өкілдері қатысты. Қала әкімшілігінің қолдауымен өткен іс-шара барысында колледж түлектерінің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдарын зерделеп, колледж түлектерін еліміздегі жетекші компанияларға жұмысқа орналастыру мәселесі қамтылды.

Сонымен қатар, дәл осы күні жиырма колледж бітіруші түлекке жұмыс берушілер жұмысқа орналасу туралы сертификаттар табыстады. Аталмыш іс-шараның ең бір көңіл толқытар сәті де осы болды. Өйткені, жас маманның кәсіби жолының сәтті басталуы көп жағдайда әлеуметтік серіктестер тарапынан көрсетілетін қолдауға да байланысты болады.

Сонымен, түлектерді жұмысқа шақырып, сертификат табыстаған компаниялар қатарында «Қазпошта» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «Оңтүстік» ақпарат-логистикалық орталығы филиалы» АҚ, «Алматытелекомунікэйшн Қазақстан» АҚ, «Mega Motoros Almaty» ЖШС, «Мехэлектромонтаж» ЖШС, «Алматыэнергосервис» ЖШС, «Алматы Электрмеханикалық зауыты» ЖШС сынды ірі мекемелер болды. Аталған іс-шара болашақта жастардың өмірден өз орындарын тауып, білікті маман болып қалыптасуына және Қазақстанның экономикасын дамытуға өз үлестерін қосуына зор мүмкіндік беретін болады.

БАЙҚАУ

ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Аз ғұмырында ұлты мен ұрпағына мол мұра Ақалдырып кеткен танымал журналист Рахат Мамырбектің есімі тағы бір мәрте жаңғырып, саяси журналистика байқауы осымен үшінші мәрте ұйымдастырылып отыр.



Жасындай жарқ етіп сөнген қаламгердің өмірден өткеніне биыл 8 жыл толады. Осынау жылдар ішінде қазақ журналистикасында өзіндік орны бар қаламгердің есімін әріптестері әркез ардақтап, еске алып отырды. Саяси журналистика саласы бойынша аталмыш байқауды ұйымдастырушы топ бұл жолы «Ең үздік мақала» және «Ең үздік видео» аталымы бойынша екі жүлде белгілеген еді.

Байқауға барлығы 52 жұмыс келіп түссе, олардың қатарында 33 мақала, 19 видео бар. Байқауға Атырау, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Қостанай, Түркістан, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл, Қарағанды, Маңғыстау, Ұлытау, Абай облыстарынан, үш ірі мегаполистен үміткерлер қатысты.

Ал байқаудың жүлде қорына Ғабиден Құлахмет

атындағы қор төрағасы – Ғазиз Ғабиденұлы Құлахмет пен белгілі журналист Ербол Азанбек атсалысты.

Сонымен, «Ең үздік мақала» аталымында MNU Newsroom студенті Мөлдір Қабыкен «Өмір үшін күрес» атты материалымен жеңімпаз деп танылды. Байқау барысында ұйымдастырушылар студенттерді байқауға қосып, ұйытқы болып жүрген Жолдас Өрісбайға ерекше алғыс білдірді.

Сонымен қатар, «Ең үздік видео» аталымы бойынша Батыс Қазақстан облысынан қатысқан журналист Азамат Хамзаның «20-1» деректі фильмі үздік деп танылды. Байқау соңында жеңімпаздарға арнайы диплом мен қаржылай сыйлық табысталды.

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Рахат МАМЫРБЕК (1978–2017) – Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің түлегі. Семей университетінде оқытушы, «Қазақстан» РТРК «Мезгіл» бағдарламасында сарапшы, «Күлтөбе» пікірлесу клубының жүргізушісі, «Ой-түйін бағдарламасының авторы болды.

Сондай-ақ, КТК арнасында – «Алаң жұрт» бағдарламасының жүргізуші-редакторы, 31 арнада – «Информбюро» ақпараттық бағдарламасының тілшісі, «Алматы» арнасында «Өзге Алматы», «Пікірлер пирамида-сы» бағдарламаларының автор-жүргізушісі қызметін атқарды. 2012 жылдан өмірінің соңына дейін «Азаттық» радиосында веб-редактор, «Еркін сөз» хабарының жүргізушісі болып қызмет атқарды.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



● ТРАНСПЛАНТОЛОГИЯ

ДОНОР ӨМІР СЫЙЛАДЫ

Алматыда 43-тегі ер адам жаңа жүрекпен оянды

Алматыдағы Кардиология және Ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында үшінші рет жүректі трансплантациялау операциясы жасалды.



Бес сағатқа созылған күрделі операцияны кардиохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Рүстем Төлеутаев УМС «Жүрек орталығы» №2 кардиохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Светлана Новиковамен, сондай-ақ анестезиолог, кардиохирургтармен бірлесіп жүргізді.

Алматы қаласының Орталық қалалық ауруханасына түскен 40 жастағы ер адам донор болды, дәрігерлер пациенттің ми өлімін растады. Оның жүрегі Алматы облысы, Талғар қаласының тұрғыны 43 жастағы ер адамға трансплантацияланды.

Ол ишемиялық кардиомиопатия, жүре пайда болған жүрек ақауы, митральды қақпақша қызметінің 26% шығарылу фракциясы төмендеген созылмалы жүрек қызметінің жеткіліксіздігі салдарынан 2022 жылы инфарктқа шалдыққан. Науқаста аздаған дене қимылының өзінде енгіту, жүректің дұрыс жұмыс істемеуі, жалпы әлсіздік, бас айналу шағымдары болған. Емделсе де жағдайы жақсармаған, жүректің көп бөлігі тыртық, жиырылмайды.

Трансплантациядан бұрын оған бірнеше рет стент қойылған, кардиовертер-дефибрилятор имплантацияланды. Аурудың қолайсыз болжамын ескере отырып, биылғы қаңтарда УМС мамандары оған LVAD имплантациялауды ұсынған, бірақ науқас бас тартқан көрінеді. Емдеуден нәтиже болмағандықтан жүрек трансплантациясын күту тізіміне қойылды.

«Жүрек трансплантациясы бүгінгі күні жүрек қызметі жеткіліксіздігінің соңғы сатысындағы науқастарды емдеудегі «алтын стандарт» болып табылады. Өкінішке орай, ондай пациенттердің саны жылдан-жылға артып келеді. Трансплантацияны қажет ететіндердің барлығына трансплантация жасау мүмкіндігі шектеулі, себебі донорлық орган жетіспейді. Мысалы, 2025 жылғы 10 мамырдағы жағдай бойынша Қазақстанда жүрек трансплантациясын күту парағында 139 ересек және 7 бала тұр», – дейді Кардиология және ішкі аурулар ФЗИ Басқарма төрағасы Марат Пашимов.

● БІЛГЕНІЗ ЖӨН

ЖАЯУ ЖҮРІҢІЗ...

Әрбір адымыңыз – денсаулығыңызға салынған инвестиция

Байқайсыз ба, қазір бәріміз «климат», «стресс», «жүйке жұқарды» дейміз. Ал дененің қозғалысқа шөлдегенін мойындамаймыз. Көлікпен жұмысқа барып, күні бойы жұмыс орнында отырып, кешке тамақты артығымен жеп алып, «бойымызда неге энергия жоқ» деп күйзелеміз. Ал шын мәнінде, ағзаға бір ғана нәрсе керек. Қимыл, қозғалыс... Сол себепті, ғалымдар да, дәрігерлер де күн сайын жаяу жүруді қайта-қайта айтып жатыр.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Енді бір сәт ойланып көріңізші, сіз қашан жаяу көп жүрдіңіз? Білесіз бе, адам ағзасы табиғатынан қимыл-қозғалысты жақсы көреді. Сондықтан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ересек адамдарға күніне кем дегенде 8000–10000 қадам жүруге кеңес береді. Бұл дегеніңіз, шамамен 6–8 шақырым. Яғни бір базарды жаяу аралап келгенмен тең. Егер салмақ тастаймын десеңіз, күніне 12000 қадам жүріңіз. «Ой, мен оған жете алмаймын» деп уайымдамаңыз, ғалымдар ең кемі 2000–3000 қадам жүрсеңіз де пайда бар екенін дәлелдеген.

Мәселен, 2500 қадам – жүрекке

көмек, 4000 қадам – ойлау қабілетіңізді сақтайды, ал 7000 қадам – депрессияға жол бермейді екен. Демек, әрбір жасаған адымыңыз – денсаулығыңызға салынған инвестиция. Бір қызығы, көпшілік ұстанатын 10 000 қадам идеясы алғашында, 1960 жылдары Жапонияда жарнамалық кампания ретінде ұсынылған.

Бірақ кейіннен ол шын мәнінде пайдалы екені дәлелденген. Жас мөлшеріне қарай да айырмашылық бар, мәселен, жастар үшін 10 000 қадам орынды болса, ересек жандарға 6000–8000 қадам жеткілікті. Ал жасы үлкендер үшін 3000–5000 қадам да жаман емес.

Бастысы – тұрақтылық. Әр апта сайын қадам санын сәл арттырып отырыңыз. Автобустан бір аялдама бұрын түсіп, лифтің орнына баспалдақпен түсіп-шығыңыз. Спортзалға бармасаңыз да, аулада серуендеп, дүкенге жаяу барып келіңіз. Қимылдаңыз. Жәй ғана жүріңіз. Телефондағы қадамсанағышты қосып қойыңыз. Әйтпесе, кешке тамаққа тойып алып жатып қаламыз да, таңертең қайтадан диван мен үстел арасында «жүгірумен» шектелеміз. Жаяу жүру ол барлығымыздың қолымыздан келетін қарапайым қимыл, ең бастысы, тегін әрі тиімді тәсіл. Ендеше, сіз жасаған әрбір қадам – ұзақ та сапалы өмірге бастар жол. Осыны ұмытпаңыз...

● КАРДИОЛОГИЯ



МЕГАПОЛИС ДӘРІГЕРЛЕРІ

жаңа буынды электродсыз кардиостимулятор орната бастады

Алматының №7 қалалық Клиникалық ауруханасында Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс бас аритмолог маманы Аян Әбдірахмановтың жетекшілігімен «Ресинхронизациялық терапия және электродсыз кардиостимулятор имплантациясын қолданумен созылмалы жүрек кемістігін емдеудің заманауи тәсілдері» тақырыбында шеберлік сағаты өтті.

Оған шамамен 51–57 жастағы пациенттер қатысты. Олардың басым көпшілігі жүрек қызметінің жетіспеушілігінен және өмірге қауіп төндіретін жүрек ырғағының бұзылуынан зардап шегіп келгендер. Барлығына заманауи құрылғылар сәтті орнатылды. Отаның бәрі МӘМС жүйесі шеңберінде тегін жасалды.

Имплантацияланған бірегей электродсыз кардиостимулятор адамға төнер қауіп-қатерді азайтып, оның өмір сүру сапасын едәуір жақсартуға мүмкіндік береді.

Шеберлік сағатына кардиологиялық қондырғыны шығаратын Дубай халықаралық компаниясының өкілдері қатысты. Олар бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс істеу бойынша техникалық тренинг өткізді.

✓ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

С.АНАРТАЕВ,
Интервенциялық хирургия және аритмология бөлімшесінің меңгерушісі:

Заманауи имплантаттың еш ауырлығы жоқ

Дәстүрлі кардиостимуляторларға қарағанда бұл құрылғы электродтарды жүрекке тамырлар арқылы қосуды талап етпейді және терінің астына орналастырылмайды. Бұл қондырғы сандық тамырлар арқылы жүректің оң жақ қарыншасының қуысына тікелей орнатылады және пациент оны сезбейді. Бұрын пациентке терінің астына орнатылған «қондырғы» сезілетін, қазіргі имплантат тіпті байқалмайды.

Жаңа құрылғының негізгі артықшылығы – қашықтықтан мониторинг жүргізу мүмкіндігі. Құрылғыны орнату мобильді қосымшамен үндестіріледі, оның көмегімен емдеуші дәрігер нақты уақыт режимінде пациенттің жағдайын қадағалайды, дабыл белгілерін көреді және кенеттен асқыну болған жағдайда шұғыл әрекет етеді.

● МАМАН КЕҢЕСІ

КӨШЕ ТАМАҒЫ ҚАУІПТІ

немесе жаз айларында инфекциядан қалай сақтанамыз?

Жаз – демалыс, серуен және саяхат маусымы. Дәл осы кезде ішек инфекциясының таралу қаупі күрт артатыны жасырын емес. Жазда ішек инфекциясынан қалай сақтанған жөн? Аптап ыстық пен бейқамдықтың құрбанына айналмаудың жолы қандай? Қалай қорғануға болады? Бұл сауалдарға Алматының №1 қалалық клиникалық ауруханасының эпидемиолог-дәрігері Зұлфия ЕЛАМАНОВА жауап береді.

Инфекция көбіне лас қол, сапасыз тамақ, ластанған су және тұрмыстық қатынас арқылы жұғады. Оны ең алдымен балалар, егде жастағы және иммунитеті әлсіреген адамдар тез жұқтырады. Ал ең қауіпті кезең – мамырдан қыркүйекке дейінгі уақыт. Инфекцияның бас көтеруіне бірнеше себеп бар: аптап ыстық – тағамдағы микробтың тез көбеюіне әкеледі; табиғат аясындағы демалыста гигиеналық талаптың сақталмауы; ластанған су қоймасында шомылу; қайнамаған су ішу немесе жуылмаған жеміс-жидек жеу.

Егер сізде мына белгілер байқалса, инфекция жұққан болуы мүмкін: жиі іш өту; жүрек айну, құсу; іштің түйіліп ауыруы; дене қызуының көтерілуі, қалтырау; денедегі

жалпы әлсіздік. Қызу 38,5°C-тан жоғары болса, нәжістен қан немесе шырыш бөлінсе, ауыз кебе берсе, ұйқышылық; естің шатасуы белгілері байқалса – дереу дәрігерге қаралу керек. Балада сусыздану өте тез дамиды, оның жағдайына ерекше көңіл бөлу қажет.

Ішек инфекциясы – жәй ғана іштің өтуі емес. Бұл – өте күрделі ауру, әсіресе балалар үшін аса қауіпті. Аурудың алдын алудың қарапайым жолына тоқталар болсам, тамақ ішер алдында, дәретханадан және көшеден кейін қолыңызды жуыңыз; тек таза, қайнатылған немесе бөтелкедегі суды ішіңіз; гигиеналық талапқа сай келмейтін кеше тағамынан бас тартыңыз; ластанған су айдынында шомылмаңыз; жеміс-жидек пен көкөністі мұқият жуыңыз; тағамды дұрыс сақтаңыз: күн астында қалдырмаңыз, ет, балық пен жұмыртқаны дұрыс пісіріп жеңіз, – деді Зұлфия Асқарқызы.



Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ



ОЙТАЛҚЫ

«ТӘРБИЕ – ҰЛТТЫҚ, БІЛІМ – ӘЛЕМДІК БОЛУЫ КЕРЕК»

Атақты француз көсемі Шарль де Голль «маған қоғамыңды көрсет, ұлтыңның қандай екенін айтып беремін» депті. Шын мәнінде адам мен қоғам тұтас ұғым. Ал ұлттың беделі оның ар-ұяты мен намысына тікелей байланысты.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

«Ел боламын десең – бесігіңді түзе»

Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов «ел боламын десең – бесігіңді түзе, бесігіңді түзеймін десең – әйеліңді түзе, әйеліңді түзеймін десең – ісіңді түзе, ісіңді түзеймін десең – өзіңді түзе» деген екен. Расында, қазақ қоғамы мүлде өзгеріп, басқа арнаға түсіп барады. Бұның дұрыс не бұрыстығын уақыт көрсетер!

Әлбетте, өзіміздің дәстүрлі жолдан айнығымыз келмейді. Сонымен қоса, бүгінгінің аурасын да естен шығарып жатқан жоқпыз. Алайда, батыс өркениеті ұлттық мәдениетке әсер етіп тұр. Жаһандану процесі – ғаламды торлап барады. Тұтас әлем, жалпы мәдениет, біртұтас ойлау. Глобализацияның тарату құралы – смартфон. Қазір жұрт жақын-жуықтың сөзіне емес, телефоннан көрген насихатқа сенеді.

Егер блогер «Инстаграмға» пост жариялап, «ТикТок»-қа видео түсіріп, «Фейсбуктан» талқылап, «Ютубтан» біреуді мақтап, не даттап көрсетсе бәрі соған иланатын жағдайға жеттік. Ал қоғам қайраткерінің, зиялы қауымның сөзін тыңдауға жастар құлықты емес, олардың зерделі, тағылымды ой-тармақтарын қоғам елей бермейді. Блогерге, виртуалды психологқа, мотиваторларға біреудің отбасы мен тағдыры «бедел жинау алаңына» айналды. Тегінде әркім адам тағдыры, өз жанұясы, өз Отаны қадірлі екенін ұмытпаса дейміз.



Қолжазғы жасаған Нұрбоған ОРІСУЛЫ.

Ұлттық нақышқа бойласақ

Жол түсіп Түркияның – Анкара, Стамбул, Ресейдің – Мәскеу, Санкт-Петербург, Өзбекстанның – Ташкент, Самарқанд қалаларына сапарлағанымыз

бар. Сондағы байқағанымыз, ол елдерде де жаһандану үдерісі жүріп жатыр.

Алайда, барған шетелде түрік, орыс, өзбек болып туылғың келеді. Әрқайсысы өз ана тілінде сөйлейді. Ұлттық нақышты сол жақтардың шаһарынан,

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алмас ОРАЛБЕК,
фольклортанушы:

Сырттан – жау, іштен – дау алмасын десек...

Заман дамып барады. Жас та, жасамыс та басқаша өмір сүргісі келеді. Демек, қазір құндылық өзгерді. Жұрттың бәрін үстіне шапан кигізіп, аяғына саптама етікпен көшеде жүргізе алмайсыз. Иә, елімізде ұлттық нақышты Наурыз мерекесінде ғана қолданады. Дегенмен, адамның психологиясы тез өзгереді. Бір жаңа дүние шықса, соған елең ете қалады. Біз Орталық Азиядағы ең еліктегіш халықпыз. Еуропа-

лық-центристік көзқарас басым. Сонымен қатар тіл үйрену, мәдениет сіңіруден алдымызға жан салмаймыз. Сондықтан шығар, Apple, Microsoft сияқты шетелдік компанияларда қазақтың жастары істеп, әлемде табысқа жетіп жүр. Тағы бір мәселе, адам өзге шетелде 25 жыл тұрса жаңа буын ауысады. Сырт жаққа кеткендердің ұрпағы автоматты түрде, дәл бүгінгі жаһандану процесінде сол елдердің менталитетін, тілін, ділін бойына сіңіріп алатыны анық. Ол түгілі елде жүріп ассимиляцияға түсіп жатыр ғой. Адам психологиясында екі түрлі жағдаят кездеседі. Бірі – бұйрық бергенде, мәжбүрліктен орындайды, екіншісі – күшті идеологияға еліктейді. Ал қалай өмір сүрсен

жүрген көшесінен көріп, мәдениетін сезінесіз. Сақ, Ғұн империялары, Түрік қағанаты, Шыңғыс хан, Ақсақ Темір, Сұлтан Бейбарыс, Осман империясы, Алтын Орда, бертін келе Қазақ хандығы, Алаш, Түркістан мемлекеті баршасы қазақтың арғы тарихы, ата-діңгері. Түркия Республикасы – Осман империясына, Өзбекстан – Әмір Темір мемлекетіне, Ресей Федерациясы – Ресей патшалығына қарап бой түзеп, рухани арқа сүйеп, өз тамырын байланыстырады. Өздерін ұлттық мемлекет ретінде көреді. Әрине, бәрінде де кемшіл тұстар бар шығар, алайда өздерінің ұлттық болмысынан ажырамасы анық.

Қазақ та Алтын Ордаға табан тіреп, ұлттық идеология қалыптастырса, қауіпсіздігін бекемдер еді...

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов «тірі тұрсам, қазаққа қызмет етпей қоймаймын» деп ұран тастапты. Қоғам қайраткері Асылы Осман апамыз «тәрбие – ұлттық, білім – әлемдік болуы керек» депті. Түсінген жанға, ұққан миға осы айтылған ой-пайым түсінікті.

ТАЛАПКЕР

ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛАДАЫ

Сонымен, биылғы мектеп түлектері, яғни талапкерлер үшін нағыз қарбалас енді басталады. Ағымдағы жылғы 13–20 шілде аралығында талапкерлерден білім беру гранттары конкурсына, сондай-ақ ақылы негізде оқуға өтініштер қабылданады. Құжаттарды eGov.kz порталы арқылы онлайн немесе университеттер жанындағы қабылдау орталықтары арқылы тапсыруға болады.

Білім беру гранттары конкурсына қатысу және ақылы негізде оқуға түсу үшін ҰБТ нәтижелері бойынша келесі шекті баллдар да белгілі болды. Мәселен:

- «Құқық» және «Педагогикалық ғылымдар» бағыттары бойынша – кемінде 75 балл;
- «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» бағыты бойынша – кемінде 70 балл;
- Ұлттық жоғары оқу орындарына түсу үшін – кемінде 65 балл;
- Басқа жоғары оқу орындарына түсу үшін кемінде 50 балл;
- Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университетіне түсу үшін – кемінде 50 балл.



(Сурет ашық дереккөзден).

Биылғы жылдың басты ерекшеліктері: 2025 жылы «Цифрлық университет» қағидатын іске асыру аясында үдерістердің басым бөлігі автоматтандырылғандықтан конкурстық іріктеу ашық. Цифрлық экономикаға кадрлар даярлау аясында сұранысқа ие техникалық және IT бағыттар бойынша қосымша гранттар бөлінді. Ауыл мектептерінің түлектері үшін квоталар қарастырылған. Әлеуметтік осал топтарға жататын талапкерлерді қолдау

мемлекет пен мақсатты гранттар шеңберіндегі квоталар арқылы жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, жоғары оқу орындары білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу және ақылы негізде оқуға қабылдау үшін өз шекті баллдарын өздері белгілеуге құқығы бар.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Astana Motors Manufacturing Kazakhstan» ЖШС «CHANGAN, CHERY, Haval» маркалы автокөліктерді шығаратын мультибрендті зауыттың жұмыс жобасы құрамындағы қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) есебі бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 11 тамызда, сағат 11.00-де келесі мекенжайда өтеді: Алматы қаласы, «Алғабас» ықшамауданы, №7 көше, №142/29 үй (Индустриялық аймақ) ЖШС әкімшілік ғимараты).

Төтенше жағдай енгізілген және (немесе) шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда қоғамдық тыңдаулар **ZOOM** платформасы арқылы онлайн-режимде өткізіледі.

Zoom бейнеконференциясының сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/89495276723?pwd=vpNOMxALRbs9JE6f0ouICOb0Iz54rl.1>

Конференция идентификаторы: 894 9527 6723

Kipу коды: 2q5rN

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Astana Motors Manufacturing Kazakhstan» ЖШС

Занды мекенжайы: 050053, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 107-үй. Тел.: +7 701 302-06-55 E-mail: as.rakhimbekov@astana-motors.kz, a.aitymova@hyundai.kz

Жобалаушы ұйым: «РНПИЦ Казэкология» ЖШС БСН 940740000129 Алматы қаласы, Айтеке би көшесі, 27-үй Телефон: +7 (727) 291-78-14 E-mail: kazecology.kz@gmail.com

Жобалық құжаттамамен мына порталдарда танысуға болады:

- «Қоршаған ортаның жай-күйі және ресурстарды сақтау жөніндегі ұлттық деректер банкінің» <https://hearings.ndbecology.gov.kz> сайтының «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі;
- Біріңғай экологиялық портал – ecoportal.kz;
- Алматы облысының «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-нің ресми сайты.

БӘРЕКЕЛДІ!

МЕРЕЙДІ ӨСІРГЕН МАРАПАТ

«Ақшамның» абыройы тағы да өскен күн

Ақпарат айдынында абыройы биіктей түскен «Alatau aqparat» медиахолдинінде тағы да сүйінші жаңалық! Қазақ журналистикасында еселі еңбек етіп жүрген бірнеше әріптесіміз марапатқа ие болды. Қуаныш иелерін «Alatau aqparat» медиахолдингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы көпшілік алдында құттықтап, лебізін білдірді.

Күні кеше ғана жарық көріп келе жатқанына 37 жыл толған «Almaty aqshamy» газетінің жауапты хатшысы, «Ақпарат саласының үздігі», журналистика жампозы Серік Жұмабай «Қазақ журналистикасының қайраткері» медалімен марапатталды.

Газетіміздің «Шаһар шаруашылығы» бөлімінің редакторы, мегаполистің тамыр соғысын, бар жақсысын сүбелі мақалаларымен жеткізіп жүрген Құралай Иманбекқызының да журналистика ай-



дынында жүрген 25 жылдық адал еңбегі еленіп, кеудесіне «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісін тақты.

Ал газеттің фототілшісі, «Ақпарат саласының үздігі», елдің, жердің тынысын, әлеуметтің жағдайын үнсіз «сөй-

лейтін» кадрларға сәтті таспалап жүрген Самат Серікбайұлының шығармашылығын туған өлкесі де бағалап, «Жамбыл облысына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапаттады.

Бүгінде редакциямыз мөлдіреген жастармен толығуда. Жуырда қатарымызға жас маман Дана Садырқан қосылған болатын. Дана әріптесімізге «Almaty aqshamy» газетінің тілшісі» деген күзліктің алқалы жұрт алдында табысталуы оған шабыт сыйлағаны және жауапкершілік артқаны сөзсіз.

Бұдан бұрын хабарлағанымыздай, біздің «Alatau aqparat» медиахолдингіне сонау Түркия мемлекетінен Ceren Sude Erşahin, Açıyla Seval және Seylin Akbağ есімді болашақ журналист арулар үш айлық өндірістік тәжірибеден өтуге келген болатын. Бүгін олардың сапарының мерзімі аяқталып, бәрімізге ілтипатын білдіріп, бауыр басып қалғандарын, құшағы кең бізді және қонақжай Алматыны сағынатындарын айтып, бір толқитты.

Марапат алып қуанған, мерейі тасыған әріптестерімізді тағы да құттықтаймыз. Биіктен көрінген әрбір маманға тілекшіміз!

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ:

КАРИКАТУРА – ӨНЕР, КӘСІП ӘРІ МИССИЯ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Біздің «Alatau aqparat» медиахолдингінің белді қызметкері, елімізге танымал карикатурашы Ғалым Смағұлұлы Бельгияның Кнокке-Хейст қаласында 64-ші рет өткен «Golden hat» халықаралық карикатурашылар байқауына қатысып, күміс жүлде иеленді. Бұл өнер иесі үшін де, біз үшін де зор мақтаныш. Себебі, айтулы байқауға 65 мемлекеттен 601 суретшінің 2535 жұмысы қатысқан екен. Күмістен алқа таққан әріптесімізге құтты болсын дей отырып, әңгімеге тарттық.

– Ғалым Смағұлұлы, ең алғашқы сызған карикатураның есіңізде ме? Ол қандай тақырыпта болды?

– Ең алғашқы салған суретім студент кезімде, осыдан отыз жылдай бұрын «Ана тілі» газетіне жарияланды. Орыстың «Шалқан» ертегісінің ізімен салынған туындымда қазақтың шал мен кемпірі, қызы, ит пен мысығы бәрі жабылып, шалқан емес – «Қазақ тілі» кітабын жерден тартып әлек. Арада отыз жыл өтсе де, сол кітапты әлі суырып шығара алмады-ау...

– Карикатура сіз үшін өнер ме, кәсіп пе, әлде миссия ма?

– Карикатура мен үшін – үшеуі де. Бұл – өнер, себебі ой мен сезімді сурет арқылы жеткіземін. Бұл – кәсіп, өйткені күнделікті еңбегім, табыс көзі. Ал ең бастысы – миссия, өйткені қоғамдағы әлеуметтік мәселелер, саяси оқиғаларды қозғап, ой тастау, сурет арқылы жеткізу маңызды.


– Біздің (журналистердің) төрт-бес беттік мақаламыздағы айтпағымызды сіз бір суретке сыйдыра қоясыз. Идеяны, шабытты қайдан аласыз? Қандай тақырыптарға жақынсыз?

– Карикатурада логика бола бермейді, оның орнына тапқыр, ұтымды идея болады. Қоғамдағы болып жатқан әлеуметтік мәселелер, саяси оқиғаларды және ешкімге зияны жоқ әзілдерді ұтымды идея арқылы шығарамын. Маған жақын тақырыптар – әлеуметтік әділетсіздік, саяси оқиғалар, еркіндік, тіл мәселесі, қарапайым халықтың жағдайы. Шындықты әзілмен айтып, ой салу – басты мақсатым.

– Тапсырыспен карикатура салатын кезіңіз бола ма?

– Бір мекемеде штаттық карикатурашы болған соң, басшылық тарапынан карикатураларға тапсырыстар болады. Бұл – қалыпты жағдай. Ұжымдық мүдде, редакциялық бағыт бар. Бірақ мен әр карикатурада өзімнің ойым мен сатиралық көзқарасымды қосуды маңызды санаймын. Тіпті тапсырыспен жұмыс істегеннің өзінде де, карикатура – жәй безендіру емес, ой тастайтын сурет болып қалуы керек.

– Ашық сын айтып, карикатура жасағаныңыз үшін қысым көрген кезіңіз болды ма?



– Салған суретімнің бәрі көпшілікке жаға бермейді. Тікелей қысым көрсетпесе де, көбінесе әлеуметтік желі беттерінде келіспеушіліктерін айтып жатады.

– Сатира мен цензура арасындағы шекараны қалай сақтайсыз?

– Екі арадағы шекараны сақтау оңай емес. Негізгі ұстанымым – шындықты айту, бірақ адамды қорламай, ар-намысына тимей жеткізу. Әзіл ащы болса да, әділетті болуы керек.

– Карикатураны сатып алатындар бола ма?

– Ол үйдің төрінде, мекемелерде ілініп тұратын кескіндеме емес. Өкінішке қарай, бізде карикатураны сатып алу мәдениеті қалыптаспаған. Көпшілік үшін

карикатура – жәй әзіл немесе газет-журналдың қосымшасы сияқты қабылданады. Ал шын мәнінде, карикатура – қоғамның тамырын басып, шындықты ашық көрсететін көркем өнердің бір түрі.

– Қазақ карикатура өнерінің бүгінгі ахуалын қалай бағалайсыз?

– Қазақ карикатура өнері дамып келеді, бірақ баяу. Қаржы, еркіндік, қолдау жағы әлі де әлсіз. Дегенмен, талантты карикатуристтер бар, қоғамға ой салып жүрген жақсы жұмыстар жасалып жатыр.

– Әңгімеңізге рахмет, өнер биігінен көріне беріңіз!

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.



Исх.№ _____
От _____ 20__ г.

**Начальнику отдела экологии
ТОО «ASTANA MOTORS
MANUFACTURING
KAZAKHSTAN»
А. Айтымовой**

ТОО «Индустриальная зона Алматы» (далее – *Управляющая компания*), рассмотрев Ваше письмо от 14 июня 2025 года №01-01/1 касательно проведения общественных слушаний по рабочему проекту «Оценка воздействия на окружающую среду» для мультибрендового завода по производству легковых автомобильных ТОО «Astana Motors Manufacturing Kazakhstan» согласовывает предоставление помещения для проведения данного мероприятия 11 августа 2025 года с 11.00 часов в здании офиса Управляющей компании (конференц-зал), наличие посадочных мест, телевизор с выводом и доступ в интернет подтверждаем.

**Заместитель генерального
директора**

Д. Мурзаханов

DOC ID KZF5P9V202510006138DF8E41D

Исполнитель: Мунарев Т.
Тел.: 8 (727) 341-02-74



Квитанция о подписании

Основная информация

DOC ID	KZF5P9V202510006138DF8E41D
Тип документа	Входящее письмо
Тема	Ответ ТОО "ASTANA MOTORS MANUFACTURING KAZAKHSTAN" по проведению общественного слушания, в конференц-зале административного здания ТОО «Индустриальная зона»
Статус	Закрит
Рег. Номер:	4
Рег. Дата:	25.07.2025
Дополнительные данные	Исх. дата: 25.07.2025
	Исх. номер: 04-09/626
Количество страниц	1
Подписи	2

Информация об отправителе

Отправитель	ТОО «Индустриальная зона Алматы»
-------------	----------------------------------

Информация о получателях

Получатель 1	ТОО "ASTANA MOTORS MANUFACTURING KAZAKHSTAN", 190440010464, Казахстан
--------------	---

Информация о подписантах

Подписал(а)	МУРЗАХАНОВ ДИАС
Компания	ТОО "ИНДУСТРИАЛЬНАЯ ЗОНА - АЛМАТЫ"
Тип ЭЦП	ЭЦП Национального удостоверяющего центра Республики Казахстан Лицо, наделенное правом подписи
Подпись	MIIWKQYJ...RITEGOQ==
Дата подписания	25.07.2025 11:39
Подписал(а)	МУРАТ АНЕЛЯ
Компания	ТОО "ИНДУСТРИАЛЬНАЯ ЗОНА - АЛМАТЫ"
Тип ЭЦП	ЭЦП Национального удостоверяющего центра Республики Казахстан Лицо, наделенное правом подписи
Подпись	MIWOQYJ...H3qrOfvA=
Дата подписания	25.07.2025 14:25

DOC ID KZF5P9V202510006138DF8E41D

